



ЖОҒАРҒЫ СОТ

СОТ ЖҰМЫСЫНДА ІНДЕТ КЕЗІНДЕ ДЕ ІРКІЛІС БОЛМАДЫ



Өткен жыл әлем үшін қиындыққа толы болды. Пандемия салған лаңнан ешбір ел сырт қалмады. Қауіпті індет адамзаттың тіршілік ағысын өзгертіп, қоғам өмірінің барлық саласын қалыпты ырғағынан айырды. Десе де, «Әр істің бір қайыры бар» дегендей, бұл індет цифрландырудың каталогизаторына айналды. Индеттің таралуын шектеп, адамзатты қауіпті вирустан сақтау үшін енгізілген каран-

тиндік шаралар еріксіз осы технологияның көмегіне жүгінуге мәжбүр етті. Өз кезегінде бұл онлайн режимде жұмыс істеудің қыр-сырын игеріп, оның артықшылығын да, кемшілігін де саралауға жол ашты. Онлайн режимде өткен іс-шараға Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Талғат Донақов пен Кадр резерві жөніндегі комиссияның төрағасы Серік Ақылбай қатысқан болатын.

(Соңы 2-бетте)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОТ
ТӨРАҒАСЫН
ҚАБЫЛДАДЫ



2-бет



МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК
ҚӨНІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

5-бет



ЕШКІМГЕ БҰЙЫРМАҒАН
ДОЛЛАР

8-бет

КӨКЕЙКЕСТІ



КОРОНАВИРУСТЫҢ ЕМІ – ВАКЦИНА

1 ақпаннан бастап елімізде коронавирустың қарсы вакцинация басталды. Ресейде шығарылған «Sputnik V» вакцинасы алдымен коронавирус инфекциясын жұқтыру және тарату тәуекелі жоғары санаттарға салына бастағаны айтылған. Алайда, дәрігерлер мен жергілікті басқарушы билік өкілдеріне салынып жатқан екпе әлі де болса көпшіліктің күдігін күшейтіп тұр.

Талдықорғанда вакцина алған медицина қызметкері «Sputnik V» екпесінен кейін есінен танып қалған. Осыған орай Денсаулық сақтау министрінің орынбасары «Талдықорғанда медицина қызметкерінің талып қалғаны вакцинаның әсерінен емес. Бұл вакцинаға аллергиялық реакция да емес. Медбике вакцинадан қорқатынын мойындады, осыған байланысты оның қан қысымы көтерілген», – деп түсініктеме берді.

(Соңы 7-бетте)

МӘСЕЛЕ

БАҒДАРЛАМА БАСПАНА САТУШЫЛАРҒА ТИІМДІ

БІР АЙ БҰРЫН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTY YШІН ПАЙДАЛАНА АЛАТЫН ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ. «ОТБАСЫ БАНК» АРНАЙЫ ШОТ АШУҒА ЛИЦЕНЗИЯ АЛЫП, КІМ ҚАНША АҚША АЛУҒА МҮМКІНДІГІ БАРЫ МӘЛІМ БОЛДЫ. АЛДЫН АЛА ЕСПТЕУЛЕР БОЙЫНША, 721 МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН МАҚСАТТЫ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ. ЕНДІ БАҒДАРЛАМА БАСТАЛСА, БАСПАНА БАҒАСЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Сарапшылар құжат қолданысқа жіберілмей тұрғанда-ақ зейнетақы қорындағы қаражатты жылжымайтын мүлік сатып алу үшін пайдаланса, нарықтағы тұрғын үй 30%-ға қымбаттауы мүмкін екенін ескерткен. Олардың пікірінше, бірінші кезекте Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау мен Атырау қалаларында тұрғын үй бағасы көтеріледі. Жинақталған қаражаттың бір бөлігін алуға мүмкіндігі бар азаматтардың шамамен 80%-ы тұрғын үй проблемаларын шешуге тырысады. Осы орайда

бағдарламаның қызығын сатушылар көретін сынайды. Өйткені, бүгінгі өзінде Алматыдағы бір бөлмелі пәтерлер 20 миллионнан бастап бағаланып отыр. Ал елордада бір бөлмелі пәтерлердің алғашқы құны 11 миллионнан басталады.

Алайда АERC консалтингтік қызмет департаментінің мамандары бұл үдеріс ұзаққа созылмайтынын айтады. Эконом санатындағы тұрғын үй бағасы аз ғана уақытқа қымбаттап, қайта түседі. Себебі, тұрғын

үй бағасының қымбаттауы ипотека рәсімдеу кезінде алғашқы жарна мөлшерінің өсуіне алып келіп, жинақтан алынған қаражат несие рәсімдеуге жеткіліксіз болады.

«Егер пәтер бойынша орташа есеппен бір мәміле 14 миллион теңгені құрайтын болса, онда 1,4 триллион теңге нарық үшін қосымша 100 мыңға жуық пәтерді құрайды. Бұл өте үлкен мәмілелер», – дейді экономист Арман Байғанов. Дегенмен риэлторлар үй бағасының айтарлықтай қымбаттамайтынын, ары кетсе 5-10%-ға көтерілетінін айтады.

«Меншікті бағалау» талдау департаментінің директоры Анна Шацкая үй бағасының қымбаттауына бағдарламаның ешқандай қатысы жоқ деп отыр. «Жылжымайтын мүлік нарығы былтыр да елеулі күйзелістерді бастап кешірді. Төтенше жағдай кезінде де сатушылар үйлерін қымбатқа бағалады. Жер телімдері бар жеке меншік үйлерді сатып алушылардың үлесі артты.

(Соңы 3-бетте)

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ МҮМКІН БЕ?

Мақсат ХАЛЫҚ, GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы, экономист:

– Шынымен де, осы БЖЗҚ-дағы артық ақшаның бір бөлігін «баспана алуға жұмсай алады» дегеннен бастап, баспана бағасы қымбаттады. Жалпы, мұндай жағдай бірінші рет болып тұр деп айта алмас едім. Мәселен, баспанамен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарламалар іске қосылғанда да баға өсетін үрдіс бар. Қолжетімді тұрғын үй бағдарламалары пайда болғанда сатушылар сатуға қойған пәтері мен үйінің бағасын өзгерте бастайды. Зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін пайдалану бойынша Үкіметте талқылау бірнеше мәрте өтті. Мүмкін сол кезде, аталған реформа жасалған тұста, баға саясаты да ескерілуі керек пе еді.

Зейнетақы жинағының бір бөлігіне тұрғын үй мәселесін реттеу мүмкіндігі берілгені сол еді, елдегі баспана бағасы шарықтап кетті. Баспана бағасын тұрақты ұстап тұру үшін не істеу керек?

лаларда жер қымбат. Жерден бөлек құрылыс заттарының да бағасы шарықтап тұр. Ал құрылысқа қажет заттардың 80 пайызға жуығы шетелдерден келеді. Яғни, Ресей, Қытай, Түркия, Германия және тағы басқа мемлекеттердің нарығынан құрылыс материалдары алынады. Бұл, қымбатшылыққа әкелетін негізгі фактор.

Дәулет ТӨЛЕУТАЙҰЛЫ, баспана мәселесін жазатын блогер, экономист:

– Зейнетақы жинағын алушылардың басым бөлігі мегаполистерде баспанасының болғанын қалайды. Үйлері барлар баласына, туысқанына баспана алып беруді мақсат етеді. Содан не керек, сұраныс болғасын баға өседі. Ал шарықтап жатқан бағаны заңмен реттеу қиын. Себебі, нарықтық экономика. Нарық заңында сұраныс артқан сайын, баға да өседі. Сәйкесінше, жеке кәсіпкерлер мен құрылыс компаниялары көп. Олардың түпкі мақсаты – пайда табу. Одан кейін Алматы, Нұр-Сұлтан секілді ірі қалаларда жер қымбат.

(Соңы 4-бетте)

ЖОҒАРҒЫ СОТ

СОТ ЖҰМЫСЫНДА ІНДЕТ КЕЗІНДЕ ДЕ ІРКІЛІС БОЛМАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Онлайн-процесс ойымыздан шықты

Қазақстанда жаңа технологияны бірінші енгізген құқық қорғау органдары, соның ішінде сот жүйесі болатын. Сот жүйесін ашық әрі қолжетімді ету үшін электрондық жүйеге көшу карантин кезінде төрелікті кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ол аз десеңіз, осы артықшылықтың арқасында, 2020 жылы Қазақстанның онлайн сот процестеріне әлемнің 20 елінен қатысушылар қосылыпты. Бұл туралы Жоғарғы Сотта онлайн режимде өткен былтырғы жылды қорытындылауға арналған кеңесте мәлім болды.



Әбдірашид ЖҮКЕНОВ

Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы Наиль Ахметзакировтың айтуынша, цифрландырудың арқасында қазақстандық сот елден тыс жерлерде жүрген адамдар, соның ішінде, инвесторлар үшін барынша ашық болған. Осылайша, төтенше жағдай енгізілгеннен кейін соттарда күн сайын 4500-ге жуық процесс өтіпті. Сөйтіп 2020 жылы барлығы 11,8 мың электронды іс қаралған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 25 пайызға көп. Бұған дейін соттардың серверлік қуаты тек 800 онлайн процесті жүргізуге мүмкін болатын. Ал істердің көбеюі серверге айтарлықтай салмақ салды. Алайда, бұл мәселенің де шешімі жылдам табылып, қосымша 85 сервер орнатылды. Сөйтіп олардың саны 152-ге жеткізіліп, 120 терабайт жады алынғандықтан сот жұмысында іркіліс болмады.

Әрине, індет бұл сала қызметкерлерін де айналып өтпеді. Қауіпті вирус көптеген судьялар мен сот қызметкерлерін де шарпыды. Осындай жағдайда, аталмыш қадамдар судьялардың, сот қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін талапқа сай орындап, процеске қатысушылардың да өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік берген екен. Токетерін айтқанда, сот жүйесін цифрландыру өз тиімділігін көрсетті. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты одан ары жалғастыруға басымдық беріліп отыр. Ахметзакиров мырзаның айтуынша, бүгінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сот отырыстарының 699 азаматтық іс жүргізу залы жабдықталыпты. Сонымен қатар, биыл 477 қылмыстық және әкімшілік істер қаралатын зал үшін де жабдықтарды сатып алу жоспарланып отыр. «Түрме индексі» 5 позицияға жақсарған

Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы Әбдірашид Жүкеновтің айтуынша, былтырғы жылға қарағанда, республика соттарында қаралған қылмыстық істер саны біршама азайыпты. Мәселен, 2019 жылы 38 053 іс түссе, былтыр бұл көрсеткіш 37 758 болыпты. Десе де, үкім шығарылған істер саны 9,1 пайызға артық. Мұны Жүкенов мырза сотқа дейінгі жедел тергеу, келісу және бұйрық тәртібінде іс жүргізу секілді жеңілдетілген рәсімнің кенінен қолданылуымен байланыстырады.

Тағы бір жаңалық – Қазақстанның «түрме индексі» бойынша жағдайы 5 позицияға жақсарған. Алқабилердің жүктемесі бар болғаны 45 іс болып, былтырғы көрсеткіш өзгермеді. Тергеу судьялары материалдарды 8,2 пайызға артық (шамамен 100 мың) қарап, қамқа және үй қамаққа санкция беруден жиі бас тартты. Азаматтардың оларға көбірек жүгіне бастағаны байқалады. 2020 жылы сотталғандар саны алдыңғы жылғы 27 мыңнан 30 мыңға артты. Ал, қылмыстар бойынша ақтау үкімі 2019 жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға және 2018 жылмен салыстырғанда 18 пайызға көбейген. Соттардың қылмыстық істерді тоқтатуы сотқа дейінгі қылмыстық қудалау органдарының оңалтуға келетін және келмейтін негіздер бойынша ақтау әрекетімен байланысты болып отыр.

Есепті кезеңде сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар көп қаралған. Өткен жылға қарағанда ол 1,8 пайызға көп, оның үштен бірі қанағаттандырылып,

1 231 шешім заңсыз деп танылды. Жәбірленушілердің өтемақы қорына өндірілген қаражат көлемі өсті. Жалпы, құны 1 млрд теңгеден асқан өтемақы 2019 жылғы көрсеткіштен 1,4 есеге көп.

Қылмыстық және жасөспірімдер істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың істерді қарау сапасы да жақсарған екен. Десе де, бірқатар істер ұзақ қаралған. А.Жүкенов осы ретте істерді ұзақ қараудың объективті және субъективті себептерін, соттың және әрбір судьяның жүктемесін, оның ұйымдастырушылық дағдыларын зерделеуді, сондай-ақ әрбір іс бойынша заң талаптарының сақталуына талдау жүргізу қажеттігін атап өтті.

Сапа басты орында



Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВ

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Мейрамбек Таймерденов те былтырғы жылғы жетістіктер мен кемшіліктерді тізбелеп берді. 2018 жылы істер мен материалдар 4 млн болса, 2020 жылы бұл сан 1 миллионға дейін азайған. Осылайша, даусыз істерді қараудан босаған судьялардың күрделі дауларды сапалы қарауына мүмкіндік туады деп болжанған еді. Алайда, үміт ақталмады. Спикер сонымен қатар бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған, өзгертілген шешімдерінің артуына және жыл сайын істердің 10 пайыздан астамының қайтарылып жататынына өкініш білдірді. Оның айтуынша, бұған бірінші сатыдағы соттардың кемшіліктерге жол беруі және оған апелляцияның дұрыс ден қоймауы себеп болды. Кассацияға өтініш хаттардың көптеп түсуі бұған дәлел.

Облыстық сот басшылары істерді қараудан шет қалып отыр. Осы жағдайға қынжылыс білдірген Таймерденов мырза судьялардың жұмыс сапасына неғұрлым қатаң талаптар қойылатынын атап өтті. Оларға бірыңғай сот практикасын қалыптастыру, татуластыру рәсімдерін кенінен қолдану және сот актілерінің сапасын арттыру жүктелді.

Кодексті түсіндіру кезек күттірмейді



Айгүл ҚЫДЫРБАЕВА

Өткен жылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) қабылдануы маңызды оқиға болды. Осы құжат негізінде енгізілген әкімшілік әділет институты әлемдік тәжірибе бойынша азаматтардың мемлекетке және сот төрелігіне деген сенімін арттырып отыр. Кеңесте сөз сөзімен Жоғарғы Соттың мамандандырылған алқа төрағасы Айгүл Қыдырбаева соттың белсен-

ділігіне жол ашатын бұл шараның нәтижесінде әділ шешім қабылданып, әкімшілік органдардың тәртібі жақсарды деген үмітін жеткізді.

Қыдырбаева ханымның айтуынша, бүгінде әкімшілік істерді қарау сапасы жоғары. Қайта қарау нәтижелері бойынша кассацияда бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың 107 қаулысының күші жойылып, 29 қаулысы өзгертіліпті. Соттарға түсетін әкімшілік істер саны 22 пайызға азайған. Бұған заңнамалық түзетулер негізінде ӘҚБтК-нің 434-бабы құрамының көп бөлігі, яғни ұсақ бұзақылықтың ІІМ-нің құзырына берілуі ықпал етіпті. Осы ретте спикер соттардың баламалы жаза – айыппұлды қолдану мүмкіндігін талқыламастан, барынша қатаң жаза тағайындауына наразылығын білдірді. Өйткені, қамаққа алу салдарынан көмелетке толмаған балалар ата-ана қамқорлығынсыз қалып, шаңырақтардың шайқалуына себеп болып жатыр.

Масан күйде көлік жүргізгені үшін жауаптылықтың күшеюіне байланысты 2020 жылы әкімшілік қамаққа алу көрсеткіші артты. Сол секілді пандемияға байланысты ӘҚБК-нің жиі қолданылмайтын баптары: төтенше жағдайды бұзғаны үшін қамаққа алу және осы кезеңде құқық бұзушылық туғызатын әрекеттер де көбейген.

Айгүл Қыдырбаева, сонымен қатар, апелляцияның бірінші сатыдағы соттардың заңсыз актілерін бір ғана негіз – мерзімді өткізіп алу бойынша өзгеріссіз қалдырғанына назар аударды. Бұл ретте істің мән-жайын мұқият және жан-жақты зерттеп, оларды дұрыс рәсімдеу қажеттігін атап өтті. Өз кезегінде нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және ӘРПК бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу басым міндеттер ретінде белгіленді. Бұл жаңа соттардың сапалы құрамын қалыптастыру мен дауды шешудің балама және сотқа дейінгі тәсілдерін дамытуға оң ықпалын тигізетін шара.

Судья әдеби сақталуы тиіс



Наиль АХМЕТЗАКИРОВ

Жалпы, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруда маңызды рөл атқаратын міндеттер күн тәртібінен түспейді. Сондықтан алдағы уақытта, оларды толыққанды орындаудың жолдары қарастырылып, іске қосыла береді. Бұл ретте, халықаралық практикада өзін-өзі ақтаған жекелеген соттарды құру моделін енгізу көзделіп отыр. Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы Наиль Ахметзакировтың айтуынша, осы мақсатта дербес әкімшілік соттар құрылмақ. Олар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарамайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша жұмыс істеп жатқан соттардың атауы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап өзгереді.

Қазіргі таңда департамент әкімшілік әділет жүйесін енгізу бойынша ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізуде. Осы шаралар аясында 21 жаңа әкімшілік сот құрылмақ. Олардың 17-сі – облыс орталықтарында, қосымша 4-уі – Қаскелең, Семей, Жезқазған және Екібастұзда ашылмақшы. Жаңа соттар қолданыстағы штаттық кесте шеңберінде құрылады. Сонымен қатар, инфрақұрылымды дамыту аясында Арыс аудандық, Сәтбаев қалалық және Жамбыл облыстық соттары ғимараттарының құрылысы басталды. 100 сот ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

Жиында Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов қорытты. Ол сот төрелігінің сапасын, әсіресе, бірінші сатыдағы сот шешімдері күшінің жиі жойылып, өзгертілетінін сыға алды. Облыстық сот төрағалары мен Жоғарғы Сот алқаларын осы жағдайға назар аударып, жіберілген олқылықтарды жоюға шақырды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа сот жүйесіне әкімшілік әділет механизмін енгізуге дайындық жұмыстарының барысы жайында баяндалды.

Жоғарғы Сот төрағасы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекс қолданысқа енгеннен кейін соттар мемлекеттік құрылымдарға қойылатын талаптарды әлемдік әкімшілік әділет жүйесіне сәйкес «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» принципімен қарастыра бастайтынын жеткізді. Жақып Асановтың айтуынша, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, әкімшілік әділет жүйесін енгізу мемлекеттік аппараттағы тәртіпті күшейтуге, инвестициялық ахуалды жақсартуға және экономиканың өсуіне ықпал етеді.

Мемлекет басшысы аталған кодекс күшіне енген күннен бастап соттар жаңартылған алгоритм негізінде, қазақстандық сот төрелігі үшін тың тәсілмен жұмыс істеуге дайын болады деп сенетінін айтты. Президент азаматтардың және кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

АҚОРДА

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

БАҒДАРЛАМА БАСПАНА САТУШЫЛАРҒА ТИІМДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл әсіресе жаз айларында байқалды. Қазір біртіндеп қалпына келтіру жүріп жатыр», – дейді департамент директоры. Ал құнға келсек, қымбат тұрғын үйдің (элит – және бизнес – сыныптар) орташа құны жыл басынан бері 3.3% төмендеген. Сондықтан көптеген қалалардағы бағалар тұрақты болып қала береді.

Былыр жаңа үйдің бағасы 5%, қайталама нарықтағы баға 13,2%-ға өссе, ипотекалық қарыздар мөлшері 27,8%-ға артқан. Быыл қымбат тұрғын үй сегментінде төмендеу үрдісі сақталса, ал қалған сыныптар тоқсанна 2-3%-ға қымбаттауы мүмкін. Бұл тұрғын үйге қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған «Баспана Хит», «7-20-25», «Нұрлы жер», «Әскери баспана», «Бақытты отбасы» және «Өз үйім» бағдарламаларының дамуына байланысты болмақ.

VI Group компаниясының сарапшысы Дәурен Әйткенов жылжымайтын мүлік бағасына жинақтағы ақша емес, елдегі эпидемиологиялық және карантиндік шаралар әсер етеді деп санайды. «Нұр-Сұлтан қаласының бастапқы нарығында бір шаршы метрдің орташа құны – 340, Алматыда – 460 мың теңге. Баға белгілеуге әсер ететін негізгі факторлар: сұраныс, ұсыныс, қаржы құралдары және өзіндік құн. Соңғысының өсуі доллар бағамының өсуіне, импорттық материалдарды жеткізу проблемаларына және

арнайы экономикалық аймақта корпоративтік кіріс есебіне байланысты. Бүгінгі таңда үй салу кезіндегі импорт үлесі шамамен 30-40% құрайды. Бұл өз кезегінде бағалар мен жоғары сұранысқа әсер етеді. Дегенмен, жаңа ипотекалық бағдарламалар, зейнетақы жинақтарын пайдаланудың алдағы мүмкіндігі де тұрғын үй бағасының қызуына әкеледі. Меніңше, Нұр-Сұлтан мен Алматыда шаршы метр құнының өсуі 7-10% шегінде болуы мүмкін. Біз өз респонденттеріміздің арасында сауалнама жүргізгенде 44%-ы зейнетақы жинақтарын жылжымайтын мүлік сатып алуға салуға дайын екенін білдік. Бұл шамамен 180 мың адам. Тағы 25%, шамамен 100 мың адам қолдағы ипотеканы өтеуге дайын. Ал енді осындай сұраныстың артуы құнның өсуіне әкеледі. Жаңа ғимараттарды сатып алушылар негізінен орташа ауданы 70 шаршы метрді құрайтын жайлылық классын таңдайды. Бұл баға мен сапа арасындағы оңтайлы мүмкіндік. Нұр-Сұлтанға ауданы 40-60 шаршы метр 1-2 бөлмелі пәтерлер ең жоғары сұранысқа ие. Несиелеудің негізгі үлесі осы сегментке тиесілі болғандықтан, бағдарламалардың талаптарына сәйкес келеді. Ал бизнес және премиум класты пәтерлерді сату тұрақты болып қалады», – дейді Дәурен Әйткенов.

Dana Holdings халықаралық холдингінің даму жөніндегі директоры Вячеслав Лазарев республикалық маңызы бар қалаларда тұрғын үй құны әлі де ұлғаюы мүмкін деп санайды. Бірақ бұл зейнетақы қаражатын пайдалануға ешбір қатысы жоқ.

Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Әділ Құсманов: «Ипотекалық кредиттеу нарығына нақты әсерді бағалау қиын, алайда елімізде БЖЗҚ-ға шамамен 10 млн салымшының бар екенін, оның ішінде 3 млн-нан астамының өз шоттарында 1 млн теңгеден астам теңгесі бар екенін ескерсек, тұрғын үйді кредитке сатып алу саны артады деп болжауға болады. Сондықтан мұндай тетіктерді енгізу мұқият пысықтауды талап етеді», – дегенді айтады.

Раушан ТАНАБАЕВА, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:

– Үйдің бағасы зейнетақы жинағындағы ақшаны алуға байланысты қымбаттады деп ойламаймын. Өйткені, былырдан бері үй қарап жүрміз. Байқағанымыз, жыл сайын жылжымайтын мүлік бағасы әскерилердің баспана алатын бағдарламасы басталғанда күшіне енеді. Одан кейін үкіметтің жасаған бағдарламалары басталғанда одан ары үдей түседі. Екіншіден, егер осы бағдарламаға байланысты тұрғын үй қымбаттаса, оның зардабын қарапайым халық көреді. Өйткені, әлгі қордағы ақшаны алуға мүмкіндігі бар-

лар – Үкімет басындағы миллиондап ақша құйғандар. Біз секілді қарапайым адамдардың зейнетақысы шекті бағаға жетпейді. Жолдасым әскери адам. Оның да зейнетақысында жетіскен қаражат жоқ. Өйткені, ЭКСПО салатын кезде әскерилердің зейнетақы шотындағы 50 пайыз соманы алып қойды. Егер сол соманы қайтарып бергенде үй алуға үлкен көмек болар еді. Біз де осындай бағдарламаға қатысып, үй алымыз келеді. Көптен бері қаланың сырт жағынан, Алматы ауданындағы үй бағасын қарап жүрмін. Өткен жылдың соңындағы баға айтарлықтай өзгермеген. Ауданы мен жөндеу жұмыстарының сапасына байланысты бағасы өскен.

Айдын, риэлтор:

– Осы жобаны енгізу туралы талқыланатын жүрген кезде-ақ жылжымайтын мүліктердің иелері «баға әлі де өседі» деген үмітпен үйлерін сатылымнан алып тастады. Заң іске асқан кезде банктер арқылы рәсімделетін көп пәтерлер бағаларын аспандатып жіберді. Жаңа үйлер емес, бұрын салынған ескі үйлердің бағасы өсіп кетті. Жақын арада бітірген тұрғын үйлердің де бағасы қымбаттамаса, арзандаған жоқ. Мысалы, Бостандық ауданында сатушылар үйлерінің бағасын 3-5 млн-ға дейін көтеріп жіберді. Кейбіреулері 10 млн, енді біреулері тіпті 20 миллионға дейін шарықтатты. Енді бірі, үй бағасын 10 пайыздан бастап жүймен көтерді. Шынын айтайын, сатушылардың арасында пәтерлерін бастапқы бағадан 50 пайызға дейін бағалағандар бар. Бұрын үйін сата алмай жүрген адамдардың көбісі сатып алушылардың көптігін көріп, «сатпаймыз» деген сылтаумен уақытша күте тұруға шешім қабылдады. Пайда көріп қалушылар қатары көбейіп кетті. Жаңа жаңамадан соң енді салынған тұрғынүйлердегі баға да қымбаттады. Халықтың көбінің ондай үйлерге шамасы жетпейді. Сосын әлгіндегідей бұрыннан сатылымдағы ескі үйлерге келеді. Сол зейнетақы қорындағы ақшаны тұрғынүй алуға жұмсауға көбісінің қаражаты жеткіліксіз. Сол себептен сұраныс әзірге ескі үйлерге жоқ. Алайда ол үйлердің сатушылары бағаны түсірмей отыр. Ал жаңа салынып жатқан тұрғынүйлердің талаптары өте қатал, сондықтан қарапайым халықтың оған мүмкіндігі жоқ. Үкімет осы жобаны енгізгенде бағаны да тұрақты ұстап тұрудың тетігін табу керек еді. Енді міне, бағаны бақылауда ұстай алмай қалдық. Сатушылар өз пәтерін өзі бағалайды.

Жадыра МҮСІЛІМ

Төрт басылымда – жаңа редактор

Ақпан айы бірқатар әріптесіміздің қазақ басылымдарына редакторлық қызметке тағайындалуымен басталды.



Журналист-жазушы **Қали Сәрсенбай** «Ана тілі» газетінің тізгінін ұстады. Ол бұған дейін «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы қызметін атқарған болатын.



«Алматы ақшамы» газетіне осы уақытқа дейін бірнеше басылымда менеджерлік қасиетімен танылған **Төрехан Данияр** редактор болып тағайындалды.



Ал жақында ғана ердің жасы елуге толған ақын, жазушы **Нұржан Қуантайұлы** «Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты TENGE MONITOR республикалық экономикалық апталығына Бас редактор болып келді.



Сондай-ақ белгілі ақын, журналист **Есей Жәнісұлы** «Ақ желкен» журналының Бас редакторлығы қызметіне ауысты!

Әріптестерімізді жаңа қызметтерімен құттықтай отырып, істеріне сәттілік тілейміз. Қазақ басылымдарын ақпарат кеңістігіндегі алдыңғы қатарлы медиаға айналдыратынына кәміл сенеміз!

«Заң газеті»

МҮНІ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

АЙЫППҰЛДЫ АЯМАЙДЫ, ЖАҒДАЙЫҢА ҚАРАМАЙДЫ

Ауыл мен қала, көше мен дала. Қайда жүрсеніз де маска тақпасаңыз қиын боп тұр. Карантин талабының сақталуын қадағалайтын мониторингтік топтар айыппұлды аямай салуда. Бұл, әсіресе, аядай елді мекенде төрт түліктің сүмесін тіршілік көзі етіп отырған тұрғындар үшін қорғасындай ауыртпалық түсіреді.

Жер жаһанды жалмаған жұқпалы дерттің жолын бөгеу үшін еліміздің әр өңірінде эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шектеулер енгізілуде. Бағдаршам түстеріндегі «жасылдан» – «сарыға», «сарыдан» – «қызыл аймаққа» бірінен соң бірі, алай да бұлай өтіп жатыр. Ендігі айтпағымыз – мониторингтік топтардың жұмысы.

Редакцияның тынымсыз телефоны тағы да шыр ете түсті. Қоңырау соққан – Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылының тұрғыны екен.

«Ауылдарды аралап жүрген мониторингтік топтар айыппұлды оңды-солды салуда. Маска

тақпай тұрғаныңды көрсе әй-шәйге қарамай хаттама толтырып жібереді. 3 ақпан күні Қалбатауда магазинде, мектепте, көшеде жүрген адамдарды түгел тексерді. Маска тақпаған 4 кісіге 85 мың теңге айыппұл салғанына өз басым куә болдым. «Бір аптаның ішінде төлесеңіздер 42 500 теңге» деп қояды өздері. Бұл маскара ғой! Күнді-күнге әрең жалғап отырған ауыл халқы үшін 42 мың тұрмақ, 5 мың теңгенің өзі үлкен ақша. Коронавируспен жүресетін басқа амал қалмағандай, қарапайым тұрғындарды қыспаққа алуға көшкен бе?!», – деді наразылығын білдірген Гүлжайна Асылжанова (аты-жөні өзгертілген).

Анық-қанығын білу үшін облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне хабарластық. Департаменттің жұртшылықпен байланыс жөніндегі бас маманы Бағлан Тауанова аудандарда мониторингтік топтардың жұмыс істеп жатқанын растады.

«Карантин талаптары бәріне бірдей. Бұл жерде ауыл немесе қала деп бөлінбейді. Елді мекендерде

де тығылып той өткізу фактілері жоқ емес. Сол үшін мониторингтік топтар шектеулердің сақталуын жіті бақылауға алған. Адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарда, оның ішінде дүкенде, дәріханада, көшеде маска тағу – міндет. Жеке көлікте бір отбасы мүшелері ғана болса онда тақпауға рұқсат етілген. Егер тақсиге отырсаңыз, онда жүргізуші де, сіз де маска тағуға тиіссіздер», – деп түсіндірді ол.

Айта кетейік, бүгінде Шығыс Қазақстан облысы аумағында 176 мониторингтік топ жұмыс істеуде. 2021 жылдың 1 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында өңір бойынша 1407 рейд жүргізіліп, 3249 нысан қамтылды. 567 мекемеде заңбұзушылық анықталған. Соған орай ӘҚБтК-нің 425-бабы 1-бөлігі бойынша 14 млн теңгеден астам айыппұл салыныпты. Оның ішінде 261 жеке тұлға мен 9 кәсіпкер айыппұл арқаалаған.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ МҮМКІН БЕ?

ОЙТАЛҚЫ



Мақсат ХАЛИҚ, GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы, экономист:

– Бұл мәселенің тағы бір ұшы бар. 720 мыңнан астам адам зейнетақы қорындағы қаржысының бір бөлігін пайдалана алады деген сөз, бұл еңбекке жарамды халықтың 8 пайызы. Былай қарағанда аз болып көрінгенімен, негізі көп. Бұл тұрғын үй нарығына өте көп көлемде азаматтардың шығыы мүмкін дегенді білдіреді. Мәселен, өткен жылдың өзінде 15 миллион шаршы метр тұрғын үй салыныпты. Оны орташа бағалайтын болсақ шамамен 200-250 мың пәтер. Ал 700 мыңнан астам адам деген бір жылда эксплуатацияланатын үйдің көлемінен де көп болып тұр ғой. Салдарынан «тұрғын үй нарығында сұраныс көп болып кетеді» деген пікір қалыптасып отыр.

Жалпы, елімізде баспана бағасына әсер етіп отырған негізгі факторлардың бірі – доллар бағамы. Қалай доллар құны артып, теңге құнсызданады, солай баспана бағасы өседі. Екінші, құрылыс материалдары шетелден алынатындықтан ол да бағаның ішіне кіреді. Әрине, бұдан өзге менің ойымша, әсіресе, «Алматы жастары» бағдарламасында баспана бағасының өсуіне тікелей әсер етті. Себебі, бір уақытта барлығына 13 миллион теңгеден екінші деңгейлі банк арқылы несиесі беруге болады деген нақты мүмкіндік берілді. Нәтижесінде сатушылар ең нашар деген үйін 14 миллионға бағалап қойды. Демек, осындай мемлекеттік бағдарламалар да тұрғын үй бағасына әсер етеді деген сөз.

Жалпы нарықтағы бағаны ешкім қадағалай алмайды. Бірақ мемлекет тарапынан арнайы құрылыс материалдарының бағасын қадағалауға болады. Сондай-ақ құрылыс компанияларына отандық құрылыс материалдарын, өнімдерін пайдалану туралы шарт қою қажет. Сол кезде тұрғын үйдің бағасы қалыпқа келеді деп айтуға негіз бар.

Дәулет ТӨЛЕУТАЙҰЛЫ, баспана мәселесін жазатын блогер, экономист:

– Баспана бағасын қадағалайтын үйым жоқ. Үйдің бағасы инфляцияға байланысты болады. Мысалы, инфляция деңгейі 7-10 пайыз болса, үйдің де бағасы сол деңгейде өсіп тұрады.

Зейнетақы қорына салымшылардың тек 7 пайызы ғана зейнетақы жинағының бір бөлігін алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Дегенмен, олардың барлығы үй алатындай мүмкіндікке ие емес. Өйткені, жеткілікті шегі бойынша ол тізімде артық 100 мың теңгесі барлар да жүр. Сондықтан зейнетақы жинағының бір бөлігін баспана ала алатындар кемі 2 пайызды құрай алатын шығар деп ойлаймын. Одан өзге «Отбасы банкінің» мәліметінше, салымшылардың басым бөлігі зейнетақы жинағымен банктегі несиегін жапқысы келеді екен. Ал 17 пайызы несиесіз баспана сатып алғысы келсе, 15 пайызы жинағын туысына беруге ниетті. Көріп отырғанымыздай, баспана сатып алуды жоспарлағандар аса көп емес. Сондай-ақ, бұл бір реттік, уақытша акция. Өз кезегінде нарықта қандай да бір дүрбелең тудырады деп ойламаймын. Ал баспана бағасын тұрақты ұстап тұру үшін құрылыс материалдарының басым бөлігін өзімізде шығару қажет. Импорттақ тәуелді болмау керек. Баспана бағасының мәселесі осында жатыр деп айтар едім.

Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

ПКІР

МЕДИАТОРДЫ ТАРАПТАР ТАҢДАЙДЫ

«Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілгеніне биыл 10 жыл. Аталған заңда кәсіби медиаторлармен қатар, кәсіби емес, яғни елді мекеннің беделді ақсақалдары мен елағаларына дауларды шешу мүмкіндігі қарастырылған.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады. Медиацияны қолдану аясы өте кең.

Азаматтар, сондай-ақ заңды тұлғалар медиацияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасы істердің шешілу сапасын арттыруға болады. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40% медиация рәсімімен өтеді, олардың 85% оң нәтижелерге қол жеткізілген.

«Халықаралық құқық қорғау орталығы» Республикалық қоғамдық бірлестігі 1997 жылы құрылып, содан бері азаматтарға құқықтық көмек көрсетіп келеді. 2011 жылы Медиация туралы заң қабылдануына байланысты, Орталық жанынан Медиация орталығы ашылып, содан бері онда 1200 кәсіби медиатор дайындалған. Жыл сайын орталық медиаторларының араласуымен 4000-нан астам медиация рәсімі жүргізіліп, оның 80 пайызы медиация келісімін жасаумен аяқталады. Республиканың барлық облыстарында Орталықтың филиалдары ашылып, халыққа қызмет етуде. Орталықтың Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалы Шымкент қаласында орналасқан. Шымкент қаласы бойынша реестрде – 21, Түркістан облысы бойынша – 12 кәсіби медиатор тіркелген. Біздің медиаторлардың басым бөлігі құқыққорғау органдарында, сот жүйесінде, заң консультацияларында қызмет атқарған, әлі де қызмет етіп жүрген, тәжірибелі заңгерлер. Медиаторлармен 2020 жылы 43 медиация өткізіліп, оның 39-ы бойынша оң нәтижеге қол жеткізілді. Шешілген даулардың сомасы 1 076 000 000 теңгені құрайды. Бұл дегеніміз, қаншама азаматтың айлап-жылдап қаралып, уақытын құртып, жүйкесін тоздырып жүрген даулардың екі тарапқа да тиімді шешілгенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және даулаушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу. Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «жәбірленуші» мен «айыпталушы» деген тараптар болмайды. Мүмкіндігінше дауды сотқа жеткізбей, шешу мақсатын қозғайды. Тағы бір онтайлы жағы – қаржылық жағынан соттық шығынға карағанда төмендігінде және уақыттың үнемділігінде. Сотта іс әдетте ұзаққа созылады. Мысалы, сот отырыстары белгіленген күні бір тарап немесе оның адвокаты (өкілі) белгілі



бір себептермен келмей қалса, отырысты басқа уақытқа ауыстырырады. Сөйтіп, түкке тұрмайтын дау кейінге шегеріле береді. Ал, медиаторға дауды шешуге небәрі 30 күн уақыт беріледі. Белгілі бір себептермен бұл мерзім ұзартылуы да мүмкін, бірақ 60 күннен аспауы тиіс. Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етсе, медиация барысында өзара ынтымақтаса қимылдайды. Сот тағайындалады, ал медиатор таңдалады. Яғни, тараптар реестрден өздері қалаған медиаторды таңдап ала алады. Сот шешімі тек заңға сәйкес қабылдайды және оның шеңберінен шыға алмайды, ал медиатор тараптардың мүдделерін ескере отырып, бірақ заң аясында шешім қабылдайды және оның шеңберінен шыға алмайды, ал медиация құпиялылығы қамтамасыз етеді, яғни медиатордың рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жария қылуына жол берілмейді. Сөйкесінше, медиатордан күзгер ретінде жауап алуға рұқсат етілмейді.

Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда, олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиация барысында тараптардың тең құқықтығы көздейтіні сөзсіз, сондай-ақ оларға тең міндеттер жүктеледі.

Сонымен қатар, тараптар өз қалаулары бойынша медиацияны жүргізу орны мен медиацияны жүргізу барысында қай тілді қолданатыны жайында келісе алады. Тараптардың келісімімен медиатор медиацияның жүргізу күні мен уақытын белгілейді. Біздің филиалдың фейсбукте парақшасы ашылып, жүргізілуде. Кез келген даулардыңызға, сұраныстарыңызға сол жерден жауап аласыздар болады.

У.НУРМАНОВ

Медиация орталығының Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалының басшысы

БІЛГЕН ЖӨН

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ РЕСМИ ЖАРИЯЛАУ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

«Құқықтық актілер туралы» заңға сәйкес, нормативтік құқықтық актінің толық мәтіні жалпыға бірдей таныстырылуы үшін электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде, ресми баспасөз, сондай-ақ өзге де мерзімді баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Осы ретте ҚР Парламентінің Жаршысы, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы» ресми басылымдар болып табылады.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жүзеге асырылады.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау осы заңның 37-ба-

бында айқындалатын тәртіппен, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөзде жүзеге асырылуы мүмкін.

Әділет органдары тіркеген, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін әділет органдары ресми жариялау үшін ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде олар нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізілген кезден бастап бір күн ішінде электрондық құжат нысанына автоматты түрде жібереді.

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 маусымдағы №384 қаулысымен «Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылауды жүзеге асыру қағидалары» бекітілген. Нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылауды ҚР Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге

асыру кезінде ел Конституциясының 4-бабы, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, «Құқықтық актілер туралы» заңы мен өзге де нормативтік құқықтық актілер және осы қағидалар басшылыққа алынады.

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауды бақылаудың негізгі мақсаты мен міндеті:

1) орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланбаған нормативтік құқықтық актілерін қолдануға жол бермеу;

2) орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманың бұзылуын анықтау және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

3) орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарға, сондай-ақ мәслихаттарға, әкімдіктерге, тексеру комиссияларына және әкімдерге, олар нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауды жүзеге асырған кезде әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Заңнама жаңалықтарымен, сондай-ақ барлық әділет органдарында тіркелген НҚА-мен әрбір азамат Әділет министрлігінің интернет-ресурсындағы НҚА эталондық бақылау банкі арқылы таныса алады.

Н.МУСЛИМОВА,

Шымкент қаласы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің басшысы

ПӘРМЕН

Ақтөбеде айып тағылып, кейін ақталып шыққан аудан Әкімінің орынбасары мемлекеттен барлығы 5 млн теңгеден астам қаржы өндіріп алды.

ӨТЕМАҚЫ КӨЛЕМІ – 5 МИЛЛИОН

Тергеу органдары Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Қобландинге Қылмыстық кодекстің 362-бабының 4-бөлігі бойынша (Билікті немесе лауазымдық өкілеттілерді асыра пайдалану) айып таққан еді. Шенеунік мектеп басшыларынан Ұлттық тестілеу орталығынан келген комиссия мүшелеріне ақша жинады деген күдікке ілінді.

Алайда сотта бұл айып дәлелденген жоқ. Тергеу кезінде мектеп директорларының өз бастамасымен ақша жинағаны белгілі болды. Ақталып шыққан шенеунік Қаржы министрлігін сотқа берді. Ол заңсыз қылмыстық қудалауға ұшырағаны үшін 1,5 млн теңге өтемақы талап етті. Сотта Ғалым Қобландин өзіне айып тағылғаннан кейін 1 жылдан астам уақытқа қызметінен шеттетілгенін айтты. Тек сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана жұмысына қайта кіріскен. Әрі мемлекеттік қызметші сотқа дейінгі тергеу жүріп жатқан кезде 4 ай бойы тергеу изоляторында отырған. Аудан әкімінің орынбасары қамауда отырған кезде

өз отбасының тек моральдық тұрғыда ғана емес, материалдық тұрғыда зардап шеккенін айтты. Өйткені оған жалақы төленбеген, жолдасы да бала күтіміне байланысты декреттік демалыста болған. Сол себепті балаларға азық-түлік пен киім-кешек, оқу құралдарын алуға, ай сайын 83 мың теңге ипотекалық несиесі төлеуге қаржы болмаған. Әрі өзін ауыр қылмыс үшін айыптағандықтан, эмоционалдық және рухани жағдайына әсер еткен. Сол себепті ол Қаржы министрлігінен моральдық залал мен жалақы түріндегі жоғалған пайдасын өндіруді талап етті. 28 қаңтар күні Мұғалжар аудандық соты азаматтық талап-арыз бойынша шешім шығарды.

Айта кетелік, ақталып шыққан шенеунік Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары қызметіне қайта кірісті. Ол аудандағы ішкі саясат, білім, денсаулық сақтау, қоғамдық ахуал, халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және т.б. мәселелермен айналысады.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

СЕМИНАР

МЕКТЕПТЕГІ МЕДИАЦИЯ – ТӨРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдауына сәйкес, елдегі «Медиация институты дамуы ортақ міндет. Соған орай Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылындағы №1 гимназиясында «Дауларды шешу және олардың алдын алуға дағды ұтымын стратегияны таңдау» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.



Іс-шараға сот төрағасы Е.Тілеубеков, аудан әкімі Н.Нұржігітов, Жамбыл облыстық сотының судьясы Д.Тасыбаев, Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Д.Дәулетов, Жамбыл облысы бойынша ҚХА медиация кабинетінің меңгерушісі В.Досыбева, Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің басшысы Н.Нуралиев, Жамбыл облысы бойынша ҚХА медиаторы және Байзақ ауданы медиаторлар қауымдастығының төрайымы Ғ.Көшекбаева, ауданның медиаторлары, Билер кеңесі мен Сарыкемер ауылдық округі әкімдігінің өкілдері, Байзақ АПБ-нің көмелетке толмаған балалардың істері бойынша жауапты қызметкерлері қатысты.

Медиация кабинетінің ашылу рәсімінен кейін Н.Нұржігітов қатысушыларды құттықтап, қазіргі кезде мектеп медиациясының қызметі білім деңгейіне ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдерді мәдениеттілікке тәрбиелеуге ықпал ететінін тілге тиек етті.

Жамбыл облыстық сотының судьясы Д.Тасыбаев медиация институты құқықтық мәдениеті жоғары елдерде кең таралғанын және өмірдің барлық саласында қолданылатынын, мектепте татуластыру жұмысын да-

мыту азаматтық қоғамның дамуына, жасөспірімдердің сана-сезіміне және мектептегі теріс әрекеттер санын төмендетуге көмектесетінін айтты.

Жиын барысында сөз алған Е.Тілеубеков «Байзақ ауданында осымен үш мектепте медиация кабинеті ашылып отыр. Бұған дейін олар «Үлгілі» ауылы мен «Қызыл жұлдыз» ауылының мектептерінде жасақталған болатын. Осындай жұмыс ауданның әр мектебінде жүргізілуі керек, өйткені бұл оқу процесінің қатысушыларына даулар мен түсініспеушіліктерді медиация талаптарына сай шешуге көмектеседі. Тұлғаның дамуына, шешім қабылдауына және өз іс-әрекеті үшін жауапты болуына ықпал етеді. Ең бастысы, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алады» деп, бастаманың артықшылықтарына тоқталды.

Семинар соңында қатысушылар мектеп медиациясының өскелең ұрпақ тәрбиесіне зор әсер ететінін айтып, ауданның әр мектебінде медиация кабинетін ашу керек, деген пікірлерін ортаға салды.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



КҮРЕС МЕХАНИЗМІ ЖАНДАНУДА

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған.

Қазір сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және күрес әдістері әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмнің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекеттің жемқорлықпен күресу әдістері өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен

салт-дәстүріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Қазақстанға да сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатпен тығыз байланысты бүтіндей стратегия қажет. Осыған орай, 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Құжаттың мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және кез келген заңсыздықтың туындауына «нөлдік» тәзімділік қалыптастыру арқылы Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Қ.ЕСҚАЙРОВ

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының аға сот приставы

ТУЙТҚІЛ

ҚР Конституциясының 1-бабы бойынша адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы. Алайда, мемлекет өзінің ең қымбат қазынасын қорғауға, оның денсаулығын сақтау үшін тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етуде – әлемде ең соңғы орындардың бірін иеленіп отыр.



ОҚЫС ОҚИҒА

АЖАЛМЕН БЕТПЕ-БЕТ

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында анасы мен баласына қасқыр шапты. Қас-қағым сәтте ажалмен бетпе-бет келген Әсем Бексолтанова мен ұлы Жігер тұз тағысымен арпалысудан тайсалмады.

Маралды ауылында тұратын олар үйде қаннен-қаперсіз жатқан. «Сағат 21.00 шамасы. Осы кезде көршіміз «Үйлеріңе қасқыр түсті» деп хабарлағанда, ойымыз әп-сәтте сан-саққа кетті. Шықсақ, аулада қолдарына шам ұстаған көршілер жүр екен», – деді сегізінші сыныпта оқитын Жігер.

Анасы Ә.Бексолтанова болса: «Қолымда сыыр айдайтын шыбық. Жігер екеуіміз жүре бердік. Бір кезде ұлым «Мама, қараңызшы, анау қашаның түбінде біздің ит жатқан сияқты!» деп назарды сол жаққа аударды. Ақтөсіміз тағының аранында қалды ма деген ой келді. Ал қасқыр шабады деген ой қаперімізге келмеген», – дейді.

Анасы мен ұлы әлгі ит жатқан жерге келді. Еш нәрсе көрінбейді. Сөйткенше болмады, азуы ырсаған қасқыр атылып кеп секірген. «Сол қолымды көтеріп үлгердім. Жан беру оңай ма, өткір тырнағы қабырғамның жоғары тұсын тырнап кетті. Ырылдап, мені жемтік етуге оқталған қандыауыз қолымнан айырылар емес», – деді Әсем сөзін сабақтап.

Жігер оқиғаның байыбына бара алмай, анттарылып қалыпты. «Әкенді шақыр! Бар! Қаш!» деп жандауысымен айқайласа да анасын тастап кеткісі жоқ. Үш-төрт қадам жасаған соң «А-а-а!» деп айқайлап, ажалмен арпалысқан шешесінің жанына жетті. «Кетпеймін, әйтпесе сізді жейді!» деген жүректі жасөспірім тағының жүнінен жұла бастады.

«Қасқырды қапсыра ұстап, жұлқылап көрдім. Бөгде адамның кедергісін сезген тұз тағысы маған жалт бұрылғанда сүрініп кеттім. Сол жақ санымнан тістеп алып, жұлқылай жөнелді. Басынан шап беріп ұстағанмен, шошығаннан қайта жібере салдым», – деді Жігер.

Сол қолының білегі жырымдалған анасы да құлап түскен. Кенет ұлына шапқан қасқыр ауладан қаша жөнелді. Осы кезде отағасы Мұқан Бексолтанов айырмаң аңды алып ұрды. Ер адам ашудан ба, әлде қорқыныштан ба, әйтеуір жыртқышқа айырын қадай беріпті, қадай беріпті.

Осының бәрі бірнеше минут ішінде болған жайт. Бастысы, отбасы мүшелері аман. Үйірінен бөлінген итқұс та сол жерде өлді. 15 жастағы Жігердің жанкештілігі де қайран қалдырмай қоймады. Жарақаты терең анасы мен баласына көршілері дереу жетіп, алғашқы көмек көрсеткен. Артынша «Жедел жәрдем» келіп, жаралы жандарды аудандық ауруханаға жеткізді. «Қазіргі уақытта науқастардың жағдай қанағаттанарлық.

– Әсем Қажымбекқызының жарасы терең, тамыры жарылып, көп қан жоғалтқан. Ауруханаға түсе салысымен рентгенге түсірдік. Саусақ сүйегі сынған. Жарасы терең болғандықтан оның бітуіне де ұзақ уақыт қажет. Тиісті екпелер егілуде. Жігерге де вакцина салынды. Абырой болғанда, жарасы терең емес. Қасқырдың басы облыс орталығындағы ветеринарлық зертханаға жіберілді. Содан құтыру ауруы шықпаса екен дейміз», – деді аудандық аурухана дәрігері Бекмұрат Жұматов.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

Сөзіміз дәлелді болу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) 2020 жылдың қаңтар айында жарияланған Денсаулық сақтау саласы шығыстары бойынша әлем елдері рейтингіне жүгінейік. Қазақстанның онда ішкі өнімінің (ЖІӨ) денсаулық сақтау саласына шығыстары бойынша 187 елдің ішінде 174-орынға жайғасқан. Яғни Қазақстан Индонезия, Конго, Эритрея, Пакистан, Ангола, Габон, Катар, Лаос, Папуа-Жаңа Гвинея, Бруней, Бангладеш, Монако, Венесуэладан ғана алда тұр. 2030 жылға дейін әлемнің ең дамыған – 50, ал 2050 жылға дейін – 30 елінің қатарынан табылуды өзіне стратегиялық мақсат етіп қойған Қазақстан 2019 жылы денсаулық сақтау саласына ЖІӨ-нің 3,1 пайызын ғана жұмсаған. Бұл көрсеткіш жағынан әлемде 1 орынды Тувалу мен АҚШ (17,1 %) елдері иеленіп отыр. Еуропа мен Азиядағы дамыған елдерді былай қойғанда көршілеріміздің де жағдайы бізден бірнеше есе тәуір. Мәселен Иран – 41 (8,7%), Тәжікстан – 71 (7,2%), Түркменстан – 79 (6,9%), Әзербайжан – 82 (6,7%), Өзбекстан – 93 (6,4%), Қырғызстан – 96 (6,2%), Ресей – 121 (5,3%), Қытай – 124 (5,2%) орында тұр. Біздің үкімет пен құзырлы министрліктерілер ДДҰ-ның бұл рейтингін білсе де, білмеген-көрмеген кейін танытып, көп жағдайда өзге халықаралық ұйымдардың медициналық қызмет деңгейі рейтингін алға тартып, сонымен өзін де, өзгені де жұбатпауға тырысады. Мәселен, қалалар мен елдер туралы әлемдегі ең ірі мәліметтер қоры саналатын Numbeo-ның 2020 жылдың ортасында жария-

ланған медициналық қызмет деңгейі статистикасы бойынша Қазақстан 90 елдің ішінен бір жылдың ішінде 82-ден 53-орынға көтерілген.

2019 жылы Үкімет қаулысымен «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» қабылдаған кезде, елдегі қалыптасқан ахуал біршама ашық айтылды. Атап айтқанда, 2018 жылы 0-35 жас аралығындағы әрбір үшінші өлім сәби жастағы балаларда болғаны, бір жасқа толмаған балалардың өлімі бірінші орында, жасөспірімдер өлімі (15-19 жас) екінші орында, 5 жасқа дейінгі балалардың өлімі үшінші орында болғаны айтылды. Қазақстанда 248 мыңнан астам медицина қызметкері бары, оның 73 мыңдайы дәрігер, 175 мыңнан астамы орта медицина қызметкері екені, 10 мың адамға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету 39,6-ны, орта медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету 95,5-ті құрайтыны айтылды. Қалалық және ауылдық денсаулық сақтау мекемелерінің арасындағы кадрлармен қамтамасыз етудегі теңгерімсіздік де жасырылған жоқ.

Әлемдік медицинаның дамуында 1978 жылы Алматыда қабылданған ДДҰ-ның медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) декларациясының орны ерекше. Тіпті 2018 жылы Астанада ДДҰ мен ЮНИСЕФ мерейтойлық конференциясын өткізіп, МСАК жөніндегі Астана декларациясы да қабылданды. Сондай-ақ, 2019 жылғы 1 маусымнан бастап денсаулық сақтау қыз-

меткерлерінің жалақысы 30%-ға ұлғайып, 2019 жылы мемлекеттік медициналық ұйымдар 100% шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын нысанына ауыстырылды. Алайда, үміт ақталды деу әзірге қиын боп тұр. Оны елдегі медициналық қызмет сапасына қатысты тұрғындардың түрлі мекемелерге жолдаған арыз-шағымдары мен әлеуметтік желілердегі жазбаларынан да байқауға болады.

Егер төтенше қиын жағдайда болмасаңыз сіз денсаулық сақтау қызметіндегі қай маманға болса да қаралу үшін алдымен кезекке жазылуыңыз керек, бұл кейде, күн-апта тұрмақ, айға созылып кетеді. Өйткені маман аз, бары жұмыс күнінің белгілі бір сағаттарында ғана келушілерді қабылдай алады. Қалған уақытта басқа жерлерде қосымша жұмыс жасауға кететіні өздері де жасырмайды.

2017 жылдан бері МӘМС-қа қаражат жинақталуда. 2018 жылдан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде медициналық көмекті стратегиялық сатып алушы рөлін атқаруда. Алайда, емхана мен ауруханалардағы кезек әлі азайған жоқ. Ондағы қызмет сапасына көңілі толмағандар еріксіз ақылы мекемелерге жүгінуде. Себебі, қажетті маманның қарауына жазылу үшін алдымен терапевтке кезек алуың керек, ол содан кейін келесі маманға жолдама береді. Бұл жерде де кезек күтуін керек. Одан кейін кейбір медициналық мекемелерде бірқатар мамандық иелері жетіспейтіндіктен, бәрібір ақылы қызмет көрсететін мекемелерге баруға тұра келеді. Сонымен ауруыңды одан ары асқындырып алудан бөлек, оған келесі бір ауруларды жамап алу қаупі бар. Мұндай жағдайлардан кейін мемлекеттің құндылығы саналатын әрбір адамның денсаулығын байлық ретінде қорғауға өзінен басқа ешкімнің жауапты емесітің, тіпті оған кепілдік де бере алмайтынын аңғару қиын емес. Өйткені, денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша ауыл халқының медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу деңгейі 10 мың ауыл тұрғынына шаққанда 2021 жылы – 85,9; 2025 жылы – 92,9-ды құрамақ. Пациенттердің медициналық көмектің сапасына қанағаттануы 2021 жылы – 54%, 2025 жылы – 65% болмақ. ЖІӨ-ден денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығыстардың үлесі 2021 жылы – 4,2 %, 2025 жылы – 5 %-ға жетпек. Ал МӘМС есебінен денсаулық сақтауға жұмсалатын шығыстар үлесі 2021 жылы 7,5%, 2025 жылы 13,6 %-ды құрамақ. Яғни мемлекеттің денсаулық сақтау саласын дамытуға жұмсайтын қаржысы қанша қоспайтып айтқанмен, дамыған елдердің көрсеткішіне жетпек тұрмақ, манайымайтының ешкім жоққа шығармайды.

МАМАН ПІКІРІ

Нүргүл ӨТЕБАЕВА,
медицина ғылымдарының докторы:

– *Кепілдендірілген тегін медициналық қызмет сапасына өзге тегін, менің де көңілім толмайды. Қарату үшін есіктен-есікке кіріп, түрлі анализ тапсырып жүргенде науқастардың ауруы одан ары асқына түседі. Қазіргі медицина – көмек күткен адамды емдеуге емес, ақша табудың жолына айналып кеткендей. Алғашқы медициналық көмек көрсетудің орнына есік жағалауды өз басым ақылға сыймайтын жағдай деп санаймын. Мұндай жағдайдан кейін тегін медициналық қызметтің өзі бірнеше есіктен кейін қалай ақылы болып кеткенін түсіне алмай дал боласыз.*

Үкімет түк істемей отыр дегуде де болмайды. Түрлі операцияларға квота беріліп жатыр. Алайда оның қалай бөлінетіні әлі де толық айқындалмаған. Бұрын көмек сұрап келген адамның ауырған органын өте қауіпті болмаса дәрігерлер сақтап қалуды барынша күш салатын. Қазір онсыз да мүсепір халдегі науқасты одан сайын қорқытып, кесіп, тіліп, алып тастауға асығады. Содан кейін қайда барсаңыз да биологиялық белсенді қоспаларды мақтап, келсін-келмесін барлық жерде тықпалауда. Оның орнына бірқатар жағдайларда сан гасырлар бойы ата-бабадан жалғасып келе жатқан халықтың емдеудің сынан өткен шоптен және тағы басқа да табиғи шикізаттан жасалатын дәрі-дәрмектерін қолдануға әбден болады. Алайда медицина бизнеспен астасып кеткен жерде, оған ешкім көңіл аударғысы келмей жүр.



САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

4 ақпанда Халықаралық обырға қарсы одақтың (UICC) бастамасы бойынша Дүниежүзілік обырға қарсы күрес күні атап өтіледі. Қазақстанда жыл сайын 36 мыңға жуық жаңа қатерлі ісік ауруы тіркеледі. Бүгінгі таңда диспансерлік есепте 180 мыңнан астам онкологиялық науқас тұр. Жыл сайын онкологиялық аурулардан 14 мың адам өмірімен қоштасады.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты (ҚазОЖРҒ-ЗИ) басқарма төрайымы, Денсаулық сақтау министрлігінің бас онкологы Дилара Қайдарованың айтуынша, республикамызда сүт бездері, өкпе, токішек, жатыр мойны мен асқазан обырлары кеңінен тараған. Бүгінгі таңда еліміз бойынша онкологиялық диспансерлік тіркеуде 180 мың адам тұр. Олардың көпшілігі Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Түркістан облыстары мен Алматыдан екен. Ресми мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы 36 345 адам обыр дертіне шалдықса, онкологиялық аурулардан шамамен 14060 адам көз жұмған. Соның ішінде тек жатыр мойны обырларын 600-ге жуық әйел өмірімен қоштасқан.

Қазақстандықтар үшін онкологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіреді және оны мемлекет толық қаржыландырады.

СКРИНИНГ ПЕН ЕМДЕЛУ ТЕГІН
Мамандардың тұжырымдауына, онкологиялық ауру енді басталған кезде

емделсе, дәрі-дәрмекпен-ақ құлан-таза жазылуға мүмкіндік бар. Ол үшін адамдар еш жері ауырмаса да, емханаға келіп, алдын ала тексеруден (скрининг) өтуі тиіс. Осы орайда онкоскринингтің және емделудің кез келген уақытта қолжетімді және тегін жүргізілетінін айта кеткен абзал. Сондай-ақ, қатерлі ісік бар деген күдік туған жағдайда пациенттерге тегін КТ мен МРТ жасалады.

Диагноз неғұрлым ерте анықталса, науқастың қатерлі дерттен сауығып, өмірін сақтап қалу мүмкіндігі соғұрлым арта түспек. Ең көп таралған қатерлі ісік түрлерін ерте анықтауға арналған онкоскринингтерді тұрғылықты немесе тіркелген жері бойынша емханалардан өтуге болады. Атап айтқанда, сүт безі қатерлі ісігінің скринингіне 40-70 жас аралығындағы әйелдер екі жылда бір рет өтіп тұрулары тиіс. Жатыр мойны қатерлі ісігінің скринингінен 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдерден 4 жылда 1 рет тексеріліп тұру талап етіледі. Токішек пен тікішектің (колоректалды) қатерлі ісігінің алдын алу үшін 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер екі жылда бір рет скринингтен өтуі қажет.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҮНДЕУ

Көп жағдайда науқастар дер кезінде қаралмағандықтан, ауруды асқындырып алып, аяғы қайғылы жағдайға әкеліп жатады. Осы орайда биыл еліміздегі эстрада жұлдыздары, танымал тележүргізушілер мен блогерлер қазақстандықтарға үндеу жолдады.

Олар халықты міндетті түрде тегін онкоскринингтен өтуге шақырады. Танымал адамдар ҚР ДСМ бас онкологы Дилара Қайдарованың бастамасымен түсірілген әлеуметтік бейнероликке қатысты.

Қазақстандық онкологтардың акциясын Роза Рымбаева, Толқын Забирова, Баян Мақсатқызы, Жеңіс Ысқақова, Рүстем және Алинур Нұржігіт, Айгүл Мүкей, Сағынай Абдулин, Айбек Жансейітов (Бүркіт), Елена Исаева, Аида Кауменова, Жанна Орынбасарова, Айгүл Бабаева, Аша Мағай, Нұрберген Махамбетов және Айсәуле Бақытбек, т.б. қолдады.

ҚАТЕРЛІ ДЕРТКЕ ҚАСҚАЙЫП ҚАРСЫ ТҮРҒАН

Қауіпті кеселге шалдыққан адамдардың көпшілігі психологиялық күйзеліске ұшырап, аурудың алдында дәрменсіздік танытып, ажалға мойын-



сұнатыны жасырын емес. Алайда өз бойынан қатерлі дертке қарсы тұратын күш тауып, аты жаман ауруды жеңіп шыққан қайсар жандар да жетерлік. Соның бірі – Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының 78 жасар тұрғыны Жолсары Құсанұлы.

– Шынымды айтсам, өмірімде тұмауратып көрген адам емеспін. Ойламаған жерден 1998 жылы ет пен терінің арасында белгісіз ісіктер пайда болды. Дәрігерлер қатерлі ісік деп тапты. Яғни, 2-ші деңгейлі «Саркома Капоши» диагнозы қойылды. Он жеті жыл бойы осы дертпен алысып, дәрігерлердің берген барлық емін бұлжытпай дер кезінде қабылдап

отырдым. Аллага шүкір, соның арқасында дертімнен құлан-таза айығып шықтым. Қатерлі ісікке қарсы емдомдар тоқтатылды. Бес жылдан бері клиникалық бақылаудамын, яғни тек жылына бір мәрте толық тексеруден өтіп тұрамын», – дейді қатерлі дертке қасқайып қарсы тұрған қария.

Ақсақал қатерлі дертті жеңуіне медициналық еммен қатар спортпен тұрақты түрде шұғылдануы, әсіресе, суық су құйынуы зор септігін тигізгенін айтады.

– Әрбір таңым суық су құйынумен басталады. Таза ауада жүгіру мен 24 келілік гир тасын көтеру де күнделікті әдетіме айналған. Жүзге дейін жерден тартыламын. Сонымен қатар, аяғымды ұлы саусағыммен жерден тартыламын (отжимание сидя). Қыста денемді қармен ысқылаймын. Велосипед теуіп, суда жүзуді жақсы көремін. Шапшаң қимылдап, сергек жүргенім де өмір бойы спортты серік етіп келе жатқандығымнан деп білемін», – дейді өмірге құштар жан.

Кез келген ұзақ өмір сүргісі келген адам жүйелі түрде тексеруден өтіп тұруды әдетке айналдырғаны жөн. Өйткені әркімнің өз өмірі – өз қолында!

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

СКРИНИНГ ОБЫРДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

САРАП



ЖАҢА КОДЕКС – ЖАҢА БЕТБҰРЫС

2021 жылдың шілдесінен ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енеді. Жаңа заңның мемлекеттік құқықтық сот жүйесіне, соның ішінде мемлекеттік органдардың қызметіне тың серпін беретінін атап өткен жөн. Заңның өзгешелігі мен артықшылығына Жоғарғы Сот ұйымдастырған жиындар кезінде көзіміз жете түсті.

Халықаралық ұйым өкілдері қатысқан бұл жиында маңызды жаңалықтар ортаға салынды. Еуропа, Балтық, сонымен қатар посткеңестік мемлекеттердің көбінің құқықтық жүйелерінде әкімшілік әділеттің дамығаны белгілі. Біздің елімізде де заңның қабылдануы кезек күттірмейтін шара екені 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасынан да, кейіннен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Жолдауынан да анық аңғарылды. Соның ішінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті мемлекет» тұжырымдамалары, әділ сот төрелігі, соттардың мамандандырылуы секілді негізгі бағыттар айқындалып, қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басымдығы бар мақсатқа айналма керектігі де айтылған.

Күнделікті өмірде жеке және заңды тұлғалар үнемі мемлекеттік органдардың қызметіне жүгінеді және олармен қарым-қатынас жасайды. Бұл қатынастар билік және халықтық мәселелерден туындайтындықтан ол қатысушылардың теңсіздігі арқылы ерекшеленеді. Бұл ретте мемлекет атынан өкілеттік ететін басқару органы қызметінің ерекшелігі ескеріліп, азаматтар мен заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сотта қорғалуына кепілдік берілуі тиіс. Сол жария құқықтық қатынастарда адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі тетігі осы – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

Жаңа заң құқықтық жүйе үшін жаңа құжат, мемлекеттік құрылымда, қоғамда бетбұрыс жасайтын тың заңнама. Кодекс жария-құқықтық дау кезінде мемлекеттік құрылымдар мен қарапайым азаматтардың теңдей мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз етумен қатар, мемлекеттік басқару аясындағы заңнаманың осы уақытқа дейін бір жүйеге түспеген олқылықтарын шешуге бағытталған.

Кодекс құрылымы бойынша екі бөлікке бөлінеді: бірі – рәсімдік, екіншісі – сот ісін жүргізу бөлігі. Рәсімдік бөлік мемлекеттік органдардың рәсімдерін, соның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері мен әкімшілік актінің қабылдануы мен шағымдануы тәртібін айқындаса, сот ісін жүргізу бөлігінде талап қою түрлері, істерді қарау реті, сот шешімі, сот бақылауы секілді іс жүргізу тәртібі бекітілген.

Бүгінгі күнге дейін жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген даулар Азаматтық процестік кодексі аясында қаралуда. Азаматтық процестік заңнамада бұған дейін де мемлекеттік органдар іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру кезінде көрсетілген істер бойынша дәлелдеу ауыртпалығы актілеріне, әрекеттеріне шағым жасалып отырған мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіндігі жөнінде ереже бар. Алайда бұл дәлелдеу міндеті, жалпы азаматтық іс жүргізудегі тараптардың сот өндірісіндегі теңдігі қағидасы аясының көлеңкесінде қалып, осы қағидамен талап қою

өндірістері бойынша іс қарауға дағдыланған судьялардың да дәлелдеу ауыртпалығын бір тарапқа жүктеп қоюы тәжірибеде көп кездесе бермеген жағдай.

Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдарға дәлелдеу міндетін жүктей отырып, сонымен қатар соттың процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет үшін ақшалай өндіріп алуды қолдану құқығы белгіленген.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша әкімшілік рәсімдер мен істердің қаралу қағидаттары өзіндік ерекшеліктерге ие.

Соның бірі – әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылатындығы. Талапкердің дәлелдемелерді ұсыну мүмкіндігінің шектелуіне байланысты жауапкерге даулардың бірқатар санаттары бойынша оның шығарған құқықтық актілері мен әрекетінің заңдылығын, олардың ұсынылған құзырет шегінде әзірленіп қабылданғандығын, қажетті әрі дұрыс екендігін дәлелдеу міндеті жүктеледі. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Ұлттық заңнамада бұрын қағидаттар ретінде ерекше аталмаған сенім құқығын қорғау және мөлшерлестік қағидаттарын атауға болады.

Сенім құқығын қорғау қағидатының ұғымы азаматтардың, заңды тұлғалардың мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның тек заңды әрекет етеді деген түсінігін білдіреді.

Кодекстің 13-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот ҚР заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет заңды және негізді деп есептеледі.

Мемлекеттік басқару аясындағы адам құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуынан қорғау өз кезегінде әкімшілік әділеттің құзыретінде. Әкімшілік әділеттің дамуы, сыртқы соттық бақылау, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен шешімдерінің сапалылығы мен негізділігінің артуына әсер етері сөзсіз. Өз кезегінде әкімшілік әділеттің сот жүйесіне тигізер әсері де бар. Тараптардың теңсіздігінен басталатын, биліктің ең күшті тармағы – атқару билігімен дауласуда соттың бейтарап, тәуелсіз бола білуі, әділ шешім шығаруы халықтың сотқа деген сенімін арттырып қана қоймай, мемлекеттік басқару қызметінің әлемдік стандарттарына қол жеткізуге септігін тигізеді.

Шынарғұл ШАЙДИЕВА,
Орал қаласы №2 сотының судьясы

ТАҒЫЛЫМ

АСЫЛ МҰРА



Динара ГИЛЬМАНОВА,
Ақтөбе қаласының №2 сотының судьясы

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Замаң өзгеріп, қоғамдық санада өзгерістер болған сайын бұл қазына да өзінің жаңа қырларымен ашылып, қадірін арттырауда. Абай ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр өтсе де, оның қалдырып кеткен мұрасы әлі күнге дейін еліне қызмет етіп келеді.

Халқының келешегін ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі – татулық, кешірім мәселесі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол жастарды шын адамгершілік жолына, қиянатсыз, адал достыққа шақырады.

Абай достықты – отбасылық өмірден, жастар сезімінің тұрақтылығынан, әйелге адамгершілік, әділет тұрғысынан қараудан іздеген. Ол жастардың адал махаббаты мен шын достығын уағыздаған. Сөзімізге ұлы ақынның «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Кейде есер көңіл құрғырын» деген өлеңдері дәлел.

Абай алтыншы кара сөзінде қазақтың

«бірлік пен тірлікті» қалай түсінетінін көрсеткен. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалдың мәнін ашқысы келеді. «Қазақ ойлайды, бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен» деп. Осы ортақтықты бірлік деп түсінеді. «Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?» – деп Абай «бірлік» сөзінің мағынасын зерделейді. «Жоқ, – дейді ұлы ойшыл, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса антұрғандықтың басы осы» деген екен.

Татулық, кешірім ұғымдары Абай жазған Қарамола Ережесінде айқын көрініс тапқан. Қазақ даласында тұңғыш жарық көрген құжат 73 баптан тұратын «Ереже» деп аталатын заң нұсқасын Абай жазды, ол Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елінің билері съезінде қабылданды.

Осы құжаттың 7-бабы: «Береке бітім һәм салауат бітім қылуға мүмкін, салауат даудың уақытына қарай болады. Береке бітім һәм салауат съездерде жасалғандай болса, келесі уақытта қайтадан сөз қозғау мүмкін емес. Әмме даугер мен жауапкер бөтен ояздікі болса, екеуінің арасында уағда қылуға мүмкін елге барып бітпекке, бірақ бұл уағданы қызмет иелері куәландыруы керек» десе, 36-бабы: «Қазақ арасындағы ұрлық үшін ұрлаған малын қайтарып, айып береді. Жүйрік жорғаның орта атпен бірдей болады. Мал иесіне тиісті; һәм ұрының астындағы қанды аты әр ұрдың алынып беріледі, билік ат ұры басы сайын алынып, билік айтқан билерге беріледі» дейді.

Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орна алады. Оның мысалы қазіргі кездегі медиация институты. Медиация келісімге келіп, істі тоқтату. Бұның өзі Абай ақынның сол кездегі айтып кеткен алтыншы кара сөзінде, Қарамола Ережесінде ашық көрсетіледі.

КИЕ

ТІЛДІ ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ БАСШЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстан егемен ел болғалы Елбасының тікелей бастамасымен қазақ тілін дамытуды қолға алды. Бұл ретте Елбасы «Қазақ елінде қазақ тілі өркендеуі тиіс, біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деген еді.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркеніетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл – мемлекет қазынасы, мақтаншы, байлығы.

Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте бүгін қажырлы жұмыс атқарылууда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламалары жасалғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйренуді дұрыс жолға қоюда екені сөзсіз.

Бүгінгі таңда кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемей – қазақ тілін жақсартып, оның тұғырын биік белестерге көтеруге үлкен кедергі. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жөндік» – деп ашына айтқан сөзі ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағына да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді де қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босансытпауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны өмірде қолдану мен қорғау басшыдан бастау алу керек.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызда сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріссек, мәселе онынан шешіледі деген сенімдемін.

Райхан РАТОВА,
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің бас маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЕЛ – БАҚЫТТЫ ЕЛ



Қазақстан – зайырлы, тәуелсіз мемлекет. Біз бүгін осындай елде, мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жеткен жетістіктеріміз де аз емес. Онымен қоса, жас мемлекетте шешімі күрделі мәселелер де жетеді. Ол негізінде халықтың әлеуметтік мәселелері. Оның ішінде қай салада болсын, үздіксіз қылаң беретін жемқорлық жағдайы. Рас, мемлекетте осы мәселеге орай арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Алайда, ол жұмыстар жемқорлықты толықтай тия алмай отыр. Мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері тіпті соңғы кездері жиілеп кетті. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлықпен күрес жас

мемлекеттің барлық азаматтарын осы жолдағы күресте бірігуге шақырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдар үшін халықтың, қоғамның шынайы сеніміне ие болудан артық мәртебе жоқ. Сыбайлас жемқорлық ауыр қылмыс. Қазіргі қоғам жемқорлықсыз мемлекет ұраны аясында бірігуімізді, оны әшкерелеуімізді қажет етеді. Дамушы ел жастары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық сананың қозғаушы күші екендіктерін дәлелдеуге тиіс. Болашақ жастарымыздың өмірі тыныш, әділетті әрі бақытты болу үшін, бүкіл ел парасыз қоғам қалыптастыруға күш салуы тиіс.

ГАМАНТАЕВА,
Шыңғырлау аудандық соты кеңсесінің меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

КОРОНАВИРУСТЫҢ ЕМІ – ВАКЦИНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Артына осы қалада 1 ақпанда 15-ке жуық адам стадионның жанында халықты жаппай вакциналауға қарсы рұқсат етілмеген митинг ұйымдастырып үлгерген. Полиция олардың ішінен 10 адамды ұстап алып кеткен. Сондай-ақ әлеуметтік желіде Таразда жедел жәрдем көлігінде жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін вакцина егуге мәжбүрлеген дәрігердің видеосы тарайды. Қазір екпені мәжбүрлеу заңға қайшы екеніне орай бұл іс бойынша тергеу-тексеру жұмыстары жүргізілуде. Нұр-Сұлтан қаласында да түрлі-түсті киінген бір топ адам Денсаулық сақтау министрлігінің алдына жиналып екпеге қарсы ереуіл ұйымдастырды.

Сондай-ақ, вакцинациялау жұмыстары жүргізілгені бері, халықтың QR-код көрсетуге міндетті болатыны айтылуда. Яғни қазақстандықтар коронавирусы бойынша төрт түске бөлініп, азаматтардың түсі олардың коронавируспен ауырғаны және ПТР анализдерінің бар-жоғын анықтайды. Таратып айтар болсақ, Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп отырып елдегі эпидемиологиялық ахуал туралы деректерді бақылау және талдау үшін Ashyq қосымшасын іске қосқан. Осы қосымшаның көмегімен олар «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, карантиндік шаралар өткізу кезеңінде қызметі шектеулі бизнес өкілдері арасында пилоттық сынақ жүргізуде.

Мысалы, курорттар, фитнес орталықтары, кинотеатрларға бару үшін QR кодын сканерлеп, ұсынуыңыз қажет. Бағдарлама өз кезегінде қызыл, сары, көк және жасыл күйлер арқылы кез келген адамның ілдетке қатысты жағдайын көрсетеді. Қызыл түс қозғалыстың шектелуін, амбулаторлық бақылауда тұрған адамдардың үйде оқшаулануы керек екенін білдіреді.

Сары – қозғалысты ішінара шектеу. Яғни, адам ПТР базасында вирус жұқтырған тұлғамен байланыста болған деп бекітіледі. Ондай тұлғалар үйінен 500 метр алшақтықта орналасқан азық-түлік және құрылыс дүкендеріне, дәріханаларға бара алады.

Көк түстегі адамдардың қозғалысына шектеу жоқ. Бірақ ПТР тестілеуі қажет жерлерде анықтамасы болуы шарт. Жасыл мәртебе қозғалысқа шектеулер жоқтығын білдіреді және бұл пайдаланушы деректер базасында COVID-19 теріс нәтижесімен ПТР тестілеуден өткен деп көрсетіледі. Яғни енді жерде адымыңызды қаншалықты ашыңыз QR код көрсеткен түсіңізге қарай анықталады. Қалай десек те, індет уақыт өте қоғамдағы адамдарды түске бөлу арқылы екпе алуға мәжбүрлейтін аңғарамыз.

Осы орайда айта кетер жайт, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцинация келісіммен ғана жүргізілетіні айтылады. Қазақстанда вакцинациядан бас

тартқаны уақиғаштық немесе қылмыстық жауапкершілік көзделмеген, кез келген қысым көрсету заңсыз болып есептеледі. Мұндай келенсіздіктің бәрі халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетті. Егер осындай жұмыстар дереу кең көлемде жүргізілмесе, ертеңгі күні 17 млрд теңгеге сатып алған екпеміздің жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Коронавирусты тоқтатып, пандемиядан шығудың бірден-бір жолы – вакциналау екені анық. Жалғыз коронавирусы емес, жылдар бойына тырысқақ, қызылша секілді адам өліміне әкеліп соғатын аурулардан екпенің көмегімен құтылғанымызды ескерсек, екпеге насихат жетпей тұрған сияқты. Жаппай вакцинациялау арқылы табиғи шешек ауруы да жер бетінен біржола жойылды. Ендеше, осының бәрі көпке неге сабақ бола алмауда?!

Екі күн ішінде 5 мыңнан астам медицина қызметкері вакцина алған. 15 ақпаннан бастап, вакциналау процесіне Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген «Гам-КОВИД-Вак» вакцинасы қосылады. Ал 2021 жылдың II тоқсанынан бастап вакциналау процесіне отандық – «QazCovid-In» препаратын қосу жоспарланып отыр. Бұл вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтың 3-кезеңінен өтуде. Бірінші кезеңде жұқпалы аурулар ауруханаларының, жедел медициналық көмек, реанимация, МСАК, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидкызмет мамандары егіледі.

Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтары, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызмет мамандары екпе қабылдайды. Үшінші кезең-

де мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар қамтылады деп күтілуде. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қазақстандық «QazCovid-in» вакцинасын салдыруды жоспарлап отырғанын айтқан болатын. Сондай-ақ, Үкіметтің кейінгі шешіміне отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та корона-вирусқа қарсы қазақстандық вакцина салдыратынын мәлімдеген.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айгүл БАЙҒАЗЫҚЫЗЫ,

Алматы қаласындағы №10 емхананың терапевті:

– Негізі екпе салынар алдында ағза толықтай сау болса, екпенің кері әсері төмен болады. Вакциналауды бастаған Сингапур билігі мамандарға екпені ерекше ептілікпен салуды қатаң ескертті. Яғни екпе салынар алдында денсаулық жағдайы тексеріп алу керек. Таратып айтар болсам, вакцинация жүргізер алдында дене температурасы өлшенеді, жүрек жиырылуының жиілігін, артериялық қысымды өлшеу, тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйесін және жұтқыныштық тексеру шаралары жасалады. Егер температура 37°C-тан асса, вакцинация кейінге қалдырылады. Ресейлік «Sputnic V» вакцинасы бойынша қарсы көрсетілдімдер: анамнездегі ауыр аллергиялық реакциялар, жүктілік және бала емізу кезеңдері, 18 жасқа дейінгі балалар және 65 жасқа асқан қарттарға болмайды деп көрсетілген. Бауыр мен бүйректің созылмалы ауруы барларға, қант диабеті сынды эндокриндік жүйенің ауыр бұзылысы байқалғандарға сақтықпен қолдану қажет. Қан түзілу жүйесінің ауыр сырқаттарында, эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа ауруларында, жүрек-қан тамыр жүйесі дерттерінде, бастапқы және қайталама иммун тапшылығы мен аутоиммунды, сондай-ақ, демікпе және созылмалы обструктивті өкпе ауруларында сақтық таныту қажет.

Диабетпен және метаболикалық синдром, атопия мен экзема аллергиялық реакциялары, сондай-ақ қатерлі ісік, қатерлі қан аурулары бар науқастарға вакцина саларда ағза жағдайын ежелкей қарастыру маңызды. Яғни, бұл жағдайлар абсолютті қарсы көрсетілдімдерге жатпайды және вакциналау кезінде әр науқастың жағдайына қарай дербес тағайындалуы тиіс. COVID-пен ауырып сауыққаннан кейін вакцинация 6 айдан ерте жүргізілмеуі қажет. «Sputnic V» вакцинасынан кейін иммунитет екі жылға сақталады.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «АРМАН-2014» АТК (БСН 140840025755) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021203, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қазақстан ауылы, Орталық көшесі, 7-үй.

5. «ERC Investments» (ЕПС и Инвестментс) ЖШС, БСН 091240016884, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, н.п. 14А, 15 қабат.

6. «Түрік жоба» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы, БСН 200840006613, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Ағыбай батыр көшесі, құрылым 15, пошта индексі 161200. Тел: 87078919234.

7. «Қайсар АОҚ» Өндірістік кооперативі ұйымы, БСН 160740012971, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Желтоқсан көшесі, № 1 үй, индекс 120203, тел. 8 701 139 31 23.

8. ЖШС «TERISKEI AGRO INVEST» несие серіктестігі ұйымы, БСН 160240023106, жоғалған мөрінің жарамсыз деп танылуы туралы хабарландыру жарамсыз деп танылсын. БҮЛ МӨР ЖАРАМДЫ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

ЖОҒАЛТУ

4. «Юридическая газета» газетінің 25.12.2020 ж. №98-99 (3496-3497) санында жарияланған «Sin Yuan Steel» ЖШС-нің, БСН 160240023106, жоғалған мөрінің жарамсыз деп танылуы туралы хабарландыру жарамсыз деп танылсын. БҮЛ МӨР ЖАРАМДЫ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

БАНКРОТТЫҚ

10. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының анықтамасы бойынша, мекенжайы: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 Б үй, «Adiant media» ЖШС, БСН 131140020998, 2021 жылдың 28 қаңтарында, банкроттығы туралы іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27, 292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«KAIOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО.4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кенсе.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

МҰРАҒЕРЛІК

15. 30.04. 2020ж. қайтыс болған Құрбанов Абибулланың атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Түркістан қаласы, Тәуке хан көшесі, 278 б, нотариус Б.Д. Дахановаға жолығулары сұралады. Тел.: 87014653617.

16. 11.08.2020 ж. қайтыс болған Мырзабек Розаның атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Жаркент қаласы, Масанчи көшесі, н/ж үй, нотариус А.Ж.Узбаеваға жолығулары сұралады. Тел.: 87757192192.

ӨРТҮРАІ

9. «Междуреченск-Агро» ЖШС-нің 2013 жылы 6 қарашада жасалған жарғысы жоғалып кетуіне байланысты жарамсыз деп танылсын.

14. МЖС жобасына бастамашылық ету туралы хабарлама «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ денсаулық сақтау саласындағы төмендегі мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасы туралы хабарлайды: 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік туралы» заңының 44-бабына сәйкес, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасына әлеуетті жеке серіктестің бастамашылық етуі туралы хабарлайды.

«Теміртау қаласында емхананың ашылуы» жобасы (Металлургиялық даңғылы/Момышұлы көшесі және Республика даңғылы/Абай көшесінің арасында). Жобаны іске асыру кезеңі: 2021–2026 жж. МЖС жобасынан алдын ала белгіленген мерзімі 5 жылды құрайды.

Кызмет түрі: медициналық қызмет. Оңирдегі тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге нақты қажеттілігі: 2-ші ықшамауданда (Металлургиялық даңғылы/Момышұлы көшесі және Республика даңғылы/Абай көшесінің арасында) санитарлық талаптарға сай жұмыс істеп тұрған ғимаратта жондеу жұмыстарын жүргізіп, жеке серіктестің қаржысына жабықталған, қуаты ауысымына 150 келуді құрайтын, ұйымдастыру техникасы және қолда бар медициналық құрал-жабдықтар 1 жылға дейін қайтарымсыз пайдалануға берілгені емхананың ашылуы.

Бюджеттен төленетін болжауды төлемдер және (немесе) мемлекеттік қолдау шаралары: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 жылдың 5 қаңтарындағы №7 «Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, жаңа алу мерзімі аяқталған соң МЖС келісімшартының мерзімі аяқталғанға дейін 1 жылға дейін мемлекеттік-жеке меншік серіктестігінің нысанын – Емхананы пайдаланғаны үшін жалгерлік ақы төлеу (жалгерлік ақы көлемі Емхана пайдалануға берілгеннен кейін анықталады), алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының аумақтық қызмет көрсету аймағын бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде анықтау. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымның аумақтық қызмет көрсету аймағында халыққа медициналық көмек көрсету, Жобаның техникалық түрленді және (немесе) бірегей болуы жатпайды. Жеке меншік серіктестер МЖС-ке мынадай форвардмен қатысады: 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік туралы» заңының 31-бабына сәйкес тікелей келіссөздер жүргізу. Жобаны инвестордың қаржысы есебінен жүзеге асыру жоспарлануда. МЖС жоспарланған жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жеке серіктестер баламалы ұсыныстарын бере алады. МЖС жоспарланған жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жеке серіктестер баламалы ұсыныстарын хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес бере алады, сондай-ақ жеке серіктесті анықтайтын тікелей келіссөздерге қатысу үшін ҚР ұлттық экономика министрлігінің м.а 2015 жылдың 25 қарашасындағы №725 «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын жоспарлау мен жүзеге асыруды кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 130-пунктіне көрсетілген ұсынымды бере алады.

Әлеуетті жеке серіктестер төмендегі жағдайы білетін талпатарына сай болуы тиіс: 1) құқықтық қабілеті (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігі (жеке кәсіпкерлер үшін) болуы тиіс; 2) төлем қабілеттілігі бар, салық берешегі жоқ; 3) мемлекеттік-жеке меншік серіктестік келісімшарты бойынша міндеттемелері орындауға қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстары болуы тиіс; 4) банкроттық немесе тарту рәсімдері қолданылмауы, банкроттық қуны тиісті негізгі қаржы қунының оң пайызынан аспайтын мүлкіне тыйым салынбаған, ҚР заңнамасына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмаған болуы тиіс; 5) жоқшысыз әлеуетті жеке серіктестің ретінде тану жөніндегі заңды күшіне енген сот шешімі негізінде соңғы үш жылда жасалған мемлекеттік-жеке меншік серіктестік келісімшарттары бойынша міндеттерін орындамағаны және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапқа тартылмағаны болуы тиіс. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ баламалы ұсыныстарды осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылдайды: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Әліханов көшесі, 2. Тел.: +7(712)559784.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшінов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!
ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58, 87474282610 Райымбек.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түркінінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Қараван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

18. Нұр-Сұлтан қаласының Алматы аудандық сотының ұйғарымымен Нұр-Сұлтан қаласы, К.Әзірбаев көшесі, 14/1 үй, 13-пәтерде тұратын, тел:87057579921, Нәлигева Фатима Хамзатовнаның Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Первомайка ауылының тұмасы, 23.11.1971 ж.т., Целиноград қаласы, Молодежный ықшамауданы, 9А үй, 4-пәтерде (қазір Нұр-Сұлтан қаласы, Т.Хусейн көшесі, 15/2 үй, 4-пәтер) тұрған, Қазақстан Республикасының азаматы Нәлигева Руслан Хамзатовичті қайтыс болған деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Азамат Нәлигева Руслан Хамзатовичтің қайда жүргендігі туралы мәліметтерді естіп-білген жандардың хабарлаулары сұралады: Нұр-Сұлтан қаласы, Абай даңғылы, 36-үй, тел.: 8(7172)710635.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары және аппараты белгілі заңгер, қоғам қайраткері, заң ғылымдарының докторы
Қабылсаят Әзімбайұлы ӘБШЕВТІҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Удайы», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 877722256506.

(Соңы. Басы өткен санда)

Тергеуші Адвокатты тергеуін жалғастыра берді. Үйден табылған 90 мыңның төркінін тапса қылмыстың да ашылуы әбден мүмкін.

– Осынша мол ақшаны қалай жинадыңыз? – деді сосын.

– Мәскеудегі казинодан ұтып, сосын оны Қазақстанға заңсыз әкелгем.

– Бірақ вексельдерді сараптамаға жібергенімізде кейбіреуінен былтыр орман шетінде көлікпен бірге өртеніп кеткен құрылыс компаниясының басшысы Шевцовтың фирмасында жұмыс істейтін кассирлердің саусақ іздері табылды.

– Мен сізге ақша өзімдікі дедім ғой. Шевцов дегенді танымаймын.

– Сол банкноттар арасынан әйелдің ұзын шашы да шықты. Ол кімнің шашы екенін білгіңіз келмей ме?

Адвокат түйіле қарады.

– Жүргізілген генетикалық сараптама ол шашты өлтірілген кәсіпкер Шевцовтың компаниясындағы кассирдікі дейді.

– Онда сол кассирді жауапқа алмайсыз ба? Адвокаттың зығырдыны қайнай бастады.

– Ал Макаров тапаншасы мен сейф ше? Ол да өзіңіздікі ме?

– Ол да өзімдікі!

– Жалған сөйлемеңіз. Оларды жалға алғаныңызды растайтын түбіртек те табылды. Сонымен ақша қайдан келген?

– Өзімдікі! Тағы да айтам, Мәскеуде казинодан көп ақша ұтып алдым. Мынаның бәрі сол ақша!

– Жоқ, олай емес, біз сіздің Мәскеудегі казинодан ағыл-тегіл мол ұтыс ұтқаныңыз туралы нұсқаңызды да тексердік. Бірақ керісінше ол жақта көп мөлшерде ұтылғаныңызды анықтадық.

Адвокат жүзі қабырып, төмен қарап отырып қалды.

Зандарды сыбайластарына қарағанда жақсы түсінетін ол ақырында өзінің қылмысқа қатысқанын және курьерді өлтіргенін мойындады. Бірақ ол тек Палачтың бұйрықтарын ғана орындағанын айтты. «Қылмыстың топтың ұйымдастырушысы – Палач» деп көрсетті ол. Алайда Адвокаттың таңдаған тактикасы сәтсіздікке ұшырады. Бандиттердің басшысы кінәнің көп бөлігін өзіне аударып жатқанын білген басқа сыбайластары оған ашуланып, басыларын өздерімен бірге «суға батыра» бастады.

– Алғашқы жоспарым сәтсіз болды, – деді ол тергеушінің алдында отырып.

– Ол қандай жоспар еді?

– Кәсібі бар, ақшалы адамды қолға түсірмекші едім, бірақ, мен аңдыған адам байып үлгермеген біреу екен.

– Ол адамды пәтерінде атып өлтіріп, кілемге орап подъезде қалдырдыңыз.

– Иә...

– Шевцовты қалай таптыңыз?

– Ақшасы көп адамдарды жарнамадан іздей бастадым. Бір адам үлкен аумақта жер сатылатынын айтып хабарландыру беріпті. Телефоны да көрсетілген. Оны бақылап, оққағары жоқ екенін білдім.

Осылай деген күдікті әлденені есіне



түсірді. Картина көз алдынан өте бастады.

Қымбат көлік ызғытып келіп Өзтүрік көшесіндегі құрылыс фирмасының кеңсесінің алдына тоқтап, салоннан ұзын бойлы, қымбат костюм киген, қара көзілдірікті адам түсті. Бұл Адвокат болатын. Ол кеңсеге кіріп, өзіне бір-екі ғимарат сатып алу туралы ойын айтты. Фирма туралы сұрақтарын да қойды. Бірақ, қолына швейцарлық сағат таққан бұл адамның ғимарат сатып алуға емес, жай бақылау жасау үшін келгенін ешкім байқамаған еді.

Кәсіпкердің, оның жүргізушісінің және курьердің көзін қалай жойғанын Адвокат шімірікпей баяндап берді.

– Жігіттер, жарайсыңдар, – деді Адвокат сыбайластарының ортасында риза көңілмен қаңылтырдағы салқын сыраны сыздықтағып жұтып отырып. – Тамаша жұмыс болды бұл! Бұл үшін сендерге керемет сыйақы болады. Бірақ алдымен байсымақтың жанын жаһаннамға аттандырып, өртеп жіберу керек. Сосын дүниені бір шайқап, сайранды саламыз әлі!

45-размерлі аяқ киімнің тепкісінен қалжырап қалған Шевцов бұл сойқан топ соншама көп ақшаны алған соң тынышталып, жүргізушісі екеуін тірі қоя берер деп соңғы сәтке дейін үміттенген еді. Бірақ, олардың бұл екеуінің жанын өздеріне олжа қылып қалдырап ойлары жоқ екеніне көзі жете түсті. Осымен бәрі біткені ме? Өмір дегеннің бары осы-ақ па? Құдай-ау, есікті ашып-жапқандай-ақ екен ғой! Неге? Не жазығы бар? Адал еңбек етіп, пайда тапқаны ма... Соншама жыл тер төгіп, ақыры соның қайырын көрместен осылай айдалада ажал күшқаны ма, оның бұған сенгісі келмеді.

Шевцовтың көзқарасындағы үрей ұлғайып бара жатты. Өзін шашынан сүйреп тартып батпақтан шығарғысы келгендей жанталасты, оған күші жетер ме... егер бір түрегелсе, өзіне қарай ұмтылған топтан алды-артына қарамай қашып құтылар едім деп ойлады ол. Әбден қалжыраған Шевцовтың дәл

осы сәтте ісіп кеткен қабағын көтеріп, сығырайған көздерін ашқысы, күннің әрбір шапағының жылуын сезінгісі келді. Желдің үп еткен самалы әлдеқайдан бір хабар әкелуге тиіс еді... Осы кезде орман да ішін тартып тына қалғандай көрінді, барлық дыбыстар өшіп, жел де ағаштардың бұтақтарымен ойнауды тоқтатып, ағаштар мүсіндер сияқты қимылсыз тұр. Ормандағы таңғажайып өлі тыныштықты енгезердей еректердің аяқ дыбыстары бұзды. Олар Шевцовтың жүргізушісін аяусыз ұрып-соғып, тепкілеп жатты. Бриллиант атанып кеткен жігіт бұл көріністен көзін аударып, басқа жаққа қарауға тырысты, өзін сияқты еректең жылғағанын көру қиын, ал жылау айқайға, шағымға ұласқанда осы сұмдықты көруге зауқы соқпаған Ай бұлт астына тығылып, біртіндеп жоғалып кеткендей. Қара дәу бұған қарай тапанша кезенгенде Шевцовтың есі кіресілі-шығасылы болатын, соңғы сәтте өз ішінде ештеңе қалмағанын, бұған дейінгі ойлары мен мақсаттарының, үмітінің бұрын-соңды болмағандай ізім-қайым жоғалғанын сезді. Кәсіпкердің басына екі рет, кеудесіне екі рет оқ атқан Палач көлікке бензин шашып жатты.

Адвокат 23 қаңтарда кешкі сағат он шамасында компаниядан ақша жеткізіп берген курьермен Саин мен Шалапін көшелерінің қиылысында кездесті.

– Қала сыртына шығайық, демалайық, – деді ол жайдары кейіппен. Еңбегіне ақыны да сол жерде аласын. Сен бізге қызмет көрсеттің, біз де жауапкершілігі мол жас жігітті сыйлап жіберсек дегеніміз ғой. Адвокат осыны айтқанда ағынан жарыла сөйлеп жатқандай еді. – Өзіміз де көптен демалмап едік. Ыстық монша, қауап, коньяк...

– Коньяк ішпеймін, тек жақсы арақ болмаса.

– О-о, жас жігіт, айтсаңыз болды, онда арақтың ең қымбатын аламыз.

– Қыздар бола ма? – деп сұрады Анатолий Ярославов қулана жымып.

– Әрине, болады, қыздарсыз қалай

енді? Саған сирағы ұзыны, терісі ағы керек пе, әлде...

– Маған етжендісі жарап жатыр. Сирағы ұзындардың ұстайтын ештеңесі болмайды.

– Ай, жарайсың, еркексің!

Екеуі де өз сөздеріне қарқылдай күлді. Курьер жігіт жайбаракат отырған күйі көліктің арқалығына шалқайды... Ол аздан соң кешегі қызметі үшін мың доллар алатынына сенімді болатын. «Қызметімнің ақысын алған соң ақшаны жоспарлап, сөйтер едім» деген ойдың өзі адамның көңілін лекілдетіп жіберетіні бар.

Көлік Алматы тас жолының үстінде зырылдап келеді. Түн ішінде жол ұзарып кеткендей. Адвокат көлікті айдап келе жатқан Көпестен (оның фамилиясы Кушцов болатын) жол шетіне тоқтауды сұрады.

– Толя, артық оң жақ доңғалаққа бірдене болған сияқты, сыртылдап келеді, байқаймысың? Қане, қарап көреміз бе? – деді Адвокат қаннен каперсіз отырған курьер жігітке.

Анатолий Ярославов көліктен түсіп, дөңгелекті қарауға еңкейгенде Адвокат оның желке тұсына тапанша қойып, атып-атып жіберді. Осылайша қажетсіз куәгерден құтылды, мың доллар да қалтасында қалды...

Адвокатты казиноларда жақсы танытын, құмар ойындарға қолы шыққыш ол шебер ойыншы еді. Казинодан шықпайтын, бар ақшасын ойынағ салатын. Ол ақшасы көбіне еселеніп қайтып келетін де. Талай рет үлкен сомада ақша ұтып кете беретін болғандықтан оны елдегі казиноларға жібермейтін болды. Ақшаны онай тауып дәнйіккен адамның жұмысқа желкесінің қыры жіберуші ме еді, пластикалық терезе орнататын бірнеше компаниялар ашып, тапсырыс берушілерден әжептәуір қаражат жинап алғанымен ештеңе істегісі келмеді, ақшаны қалтаға басып қарасын жоғалтты.

Ресей астанасында оның қолы шыға қоймады. Ұтылған үстіне ұтыла берді.

Жадыра ШАМУРАТОВА

КЕРЕК КЕҢЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай мемлекеттік органдардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету басты назарда.

Бүгінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік органдармен өткізілетін конкурстардың ашықтығы мен азаматтар арасындағы теңдікті қамтамасыз ету бойынша бірқатар пәрменді жұмыстар атқаруда. Мәселен, тестілеу тапсыру процестерінің толығымен автоматтандырылуы, бос лауазымдарға өткізілетін конкурстарға кез келген 18 жасқа толған азаматтың байқаушы ретінде қатысуы, үміткерлермен әңгімелеу сатысында бейнежазбаны жүргізілуі, сондай-ақ конкурсқа қатысушылар мен комиссияның оң нәтижесін алған үміткерлер туралы ақпараттардың интернет-ресурстарына жариялануын атап өтуге болады.

Мұнымен қоса, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті

Qyzmet.info боты уақыт үнемдеудің таптырмас тетігі

заманауи технологиялардың мүмкіндігін қолдану арқылы азаматтардың уақытын үнемдеу және ақпараттарға теңдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында телеграм мессенджерінде Qyzmet.info ботын жасақтаған.

Аталған боттың негізін қалаушысы және авторы – мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі С.Алматов.

Жобаның қызметін пайдалану үшін алдымен смартфон телефонындағы «Play market»-тен «Telegram» қосымшасын жүктеп, Qyzmet.info ботын таңдайсыз. Бұл жобаның негізгі мақсаты азаматтарға мемлекеттік қызметке тұру үшін барлық қажетті ақпаратты онлайн түрде ұсыну болып табылады.

Яғни, мемлекеттік қызметке тұруға ниеттеніп жүрсіз, алайда тестілеу бағдарламасын қалай дұрыс таңдау, қандай бару, қандай

құжаттар жинау мен қайда тапсыру және т.б. көкейтесті сұрақтардың толық жауабын телеграм мессенджеріндегі Qyzmet.info ботында шоғырланған жауаптардан таба аласыз.

Атап айтатын болсақ:

- Тестілеу бойынша нұсқаулық пен бейне-нұсқаулық;
- Үміттеніп отырған лауазымға байланысты тестілеу бағдарламасын анықтау;
- Нормативтік құқықтық актілерді жүктеу;
- Тестілеуге жазылу үшін egov порталына сілтеме;
- Сынама тестілеуі;
- Барлық өңірлер бойынша жарияланған конкурстарды қарау;
- Конкурстық комиссияның шешіміне шағым жасау;

– Мемлекеттік қызмет, тестілеу, конкурс, бейімдеу және оқыту туралы жиі қойылатын сұрақтар бойынша анықтамалық;

– Агенттіктің және оның аумақтық департаменттерінің байланыс ақпараттары.

Алдағы уақытта азаматтар Qyzmet.info ботын белсенді және тұрақты түрде пайдалану арқылы мемлекеттік органдармен тікелей қарым-қатынасты мейлінше азайта отырып, облыс аумағында COVID-19 коронавирусының таралуына және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік туады.

Ақылбек БОРАНҚҰЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Ақтөбе облыстық департаменті
басқармасының бас маманы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Қуаныш Серікжанов 8 707 889 01 33. Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Жамбыл облысы	Жазира Әбіл
Маңғыстау облысы	8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Ерсұлтан Әмірбек 8 775 820 36 92. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғажан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №16 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31